



БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС БЕКИ ТҮСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанға мемлекеттік сапармен барды. Бакуде Қасым-Жомарт Тоқаевты Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев «Загульба» резиденциясында салтанатпен қарсы алды.

Салтанатты рәсімнен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті Әзербайжан Президенті сайлауындағы айқын жеңісімен және биыл Бакуде СОР 29 саммитін өткізу мүмкіндігіне ие болуымен құттықтады.

Президент Қазақстан мен Әзербайжан ынтымақтастығының мазмұны байып, бірлескен ірі жобалармен толығы түскенін және қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалады.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті Қазақстанмен арадағы бауырластық байланыстардың беки түскенін айтты.

Келіссөз барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, азық-түлік қауіп-

сіздігі және жанартылатын энергия көздері салаларындағы ықпалдастық мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар екі ел экономикасының дамуына тын серпін беретін инвестициялық жобаларды іске асыру перспективасы қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапар аясында Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты. Президент өз сөзінде қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан тарапына ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Астана мен Баку ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көрсетіп, бірлескен жұмыстың жаңа бағыттарын дамытып отырғанын ерекше атап өтті.

— Жаңа ғана біз сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастыққа, халық-

аралық аренадағы өзара ықпалдастыққа қатысты барлық мәселені егжей-тегжейлі талқылады және ортақ ұйғарымға келдік. Бұл Қазақстан мен Әзербайжанның, шын мәнінде, стратегиялық серіктес, одақтас мемлекеттер екенін көрсетеді. Осы орайда, екі ел үкіметтері бүгін қол қойылған құжаттар, келісімдер түріндегі уағдаластықтарды жүзеге асырумен айналысатынын ескерсек, ынтымақтастығымыздың перспективасы өте зор. Мен СОР29 саммитіне қатысуға шақыруыңызды ықыласпен қабыл аламын. Мұндай шараны өткізу — Әзербайжан мемлекеті мен оның дипломатиясы үшін айтулы тарихи жетістік. Саммит қазіргі климат мәселелерін реттеу және жаһандық ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан өте маңызды. Баку бұл міндетті абыроймен атқаратыны сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Әзербайжанмен арадағы сауда-экономикалық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Пәкістан Ислам Республикасының жаңадан сайланған Президенті Асиф Али Зардариге құттықтау жеделхатын жолдады.

«Сіз мол өмірлік тәжірибеніз бен көреген саясатыңыздың арқасында еліңіздің одан әрі өсіп-өркендеуіне зор үлес қосатыныңызға сенімдімін. Біз Пәкістанмен арадағы шынайы достық пен өзара құрметке негізделген берік серіктестікті жоғары бағалаймыз. Халықтарымыздың игілігі үшін екі-жақты ынтымақтастықты нығайтып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу үшін өзіңізбен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз деп үміттенемін», — деп жазылған жеделхатта.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Асиф Али Зардаридің бастамаларына табыс, ал Пәкістан халқына бақ-береке тіледі.

ПРЕЗИДЕНТ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



қауымының ынтымағы артып, бір-біріне бауырмалдығы айқын көрінетін мезгіл.

Ораза айы рухани тазаруға, мұқтаж жандарға көмек қолын созып, қайырымдылық жасауға үндейді. Сол арқылы барша адамзаттың береке-бірлігі нығая түсуіне ықпал етеді.

Дін мен дәстүр сабақтастығын берік ұстанатын ел татулығын, тұрақтылығы мен тыныштығын сақтап, кез келген сын-қатерден сүрінбей өте алады. Мен Қазақстан халқының әрдайым рухани үндестікте өмір сүріп, болашаққа нық қадам басатынына сенемін.

Ораза қабыл болсын!
Баршанызға зор денсаулық, амандық, толайым табыс тілеймін!

Қымбатты отандастар!
Сіздерді Рамазан айының басталуымен құттықтаймын!

Халқымыз үшін Қасиетті оразаның мән-маңызы айрықша.

Бұл — қоғамда имандылық, адалдық, жанашырлық, мейірімділік сияқты мығымас құндылықтарға барынша мән берілетін кезең. Бүкіл мұсылман



ЖОЛЫН ЖӨНДЕГЕН ЕЛ АДАСПАЙДЫ

Үкімет биыл жолдарды салып, желісін өрістетуге жүздеген миллиард бөлді. Дегенмен мамандардың түсіндіруінше, қазіргі кезде көлік бағыттарын, тиісінше, жолдарды дамыту тұжырымдамасы өзгерді. Тәуелсіздіктің отыз жылында басты магистралдар Ресейге бастайтын, ал бүгінде олар, керісінше, Ресейді айналып өту үшін Каспийге және Орталық Азияға бағдарланады. Сондай-ақ ел Президенті өз облыстарымыздың арасын қосуға баса көңіл бөлуді тапсырды. Бұл елдің бірлігін, жердің тұтастығын қамтамасыз етуге де зор ықпал етеді.

(Жалғасы 4-бетте)

АЛИМЕНТ ҚАРЫЗ ЕМЕС, ПАРЫЗ

Елімізде бала алдындағы жауапкершіліктен жалтаратындар қатары көбейіп, алимент бойынша қарыз артқан. Перзенті үшін материалдық жауапкершіліктен қашатындар табысын жасырады. Дүние-мүлкін ата-анасының немесе басқа да туыс-таныстарының атына жазғызып, айлығын ең төменгі мөлшерде көрсетіп, түрлі айла жасайды.



5
БЕТ

ЖОЛДАМА ҮШІН ЖАНТАЛАС

15-16 наурыз күндері Қытайдың Тайвань қаласында таеквондодан Париж Олимпиадасына жолдама беретін соңғы жарыс өтеді. Азия аймақтық іріктеу турниріне Қазақстан командасын аға бапкер Нұрсұлтан Мамаев бастап апарды. Бүгінде ұлттық құрама спортшылары Қытайға жетіп, жарыс өтетін кешенде жаттығуға кіріскен.



8
БЕТ

СЕЙСМОАХУАЛ КҮРДЕЛІ, СЕЛ ҚАУПІ ШЕ?

Елімізде сел жүру қаупі жоғары өңірлердің қатарына Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары кіреді. Бұл аймақтардағы елді мекендердің басым бөлігі сел жүру жолдарында, яки тау беткейлері мен өзен аңғарларында орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, аталған аймақтарда ел халқының үштен бірі, яғни 7 миллионнан астам адам тұрып жатыр.

6»



БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС БЕКИ ТҮСТІ



Басы (1-бетме)

— Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы тауар айналымы 2020 жылдан бері 5 есе артты. Әрине, бұл цифр соншалықты танқаларлық көрсеткіш емес шығар. Бұл бағытта жұмыс істеу керек, алайда қазіргі сауда қарқыны оң бағалауға лайық. Елдеріміз айтарлықтай экономикалық әлеуетке ие. Біз бұдан да зор жетістікке жетеміз деп ойлаймын. Шын мәнінде, ынтымақтастықтың ауқымы өте кең. Біз бүгін мұнай мен газдан бөлек, көлік пен логистикадан бастап, цифрландыруға дейінгі мәселелердің бәрін қарастырдық. Халықаралық аренада табысты жұмыс істеп жатқанымызға көңілім толады. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы және басқа да халықаралық ұйымдардағы делегацияларымыз өзара жемісті қарым-қатынас жасап отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, қазақ-әзербайжан қатынастарын нығайтуға мәдениет саласындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру ісі де оң септігін тигізуде. Мәселен, қасиетті Түркістан мен Шуша шаһарлары, сондай-ақ Орал мен Мингечевир, Шымкент пен Гянджа қалаларының арасында бауырластық қатынас орнады.

— Мен елдеріміз арасындағы мәдени байланыстарға баса мән беремін. Бұл халықтарымызды жақындату тұрғысынан өте маңызды. Сумгаит қаласындағы көшеге Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталды. Біз ол үшін алғыс айтамыз. Сондай-ақ Астана қаласындағы көшеге Гейдар Әлиевтің есімі берілді. Бұл екі елдің ұлы тұлғаларын ұлықтауға арналған елеулі оқиға болды. Былтыр Әзербайжанда Қазақстан мәдениетінің күндері табысты өтті. Әлгінде өзінің айтқандай, ертең Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығын ашамыз. Бұл да біздің ықпалдастығымыз бен ынтымақтастығымыздың символы болатыны анық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жоғары мемлекетаралық кеңестің қызметі екі ел ынтымақтастығына тын серпін береді және қазақ-әзербайжан қатынастарын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді деп санайды.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысының тарихи мәніне тоқталды. Оның пікірінше, Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары мен Мемлекетаралық кеңес отырысының қорытындысы екі ел қарым-қатынасының алдағы күн тәртібін айқындайды.

— Қазақстан мен Әзербайжан — бауырлас мемлекеттер. Халықтарымыз ғасырлар бойы тату, бауырлас ел ретінде ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Сонғы кездері біздің бір-бірімізге жасаған сапарымыз жиіледі. Осыдан-ақ өзара қатынастардың қарқыны қаншалықты күшейе түскені айқын көрінеді. Біз Қазақстанның әр табысына қуанамыз. Сізді және бүкіл бауырлас Қазақстан халқын әлеуметтік-экономикалық және

инновациялық даму жолындағы керемет жетістіктерімен құттықтаймын келеді. Сонымен қатар біз екі елге ортақ жобалар туралы әңгімелестік. Мен Қарабақты қалпына келтіру ісіне бауырлас ел ретінде жәрдем бергені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығымды білдірдім. Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығы қазақ халқының Әзербайжан халқына тартуы ретінде Президент Тоқаевтың бастамасымен бой көтерді. Ертең біз достығымыздың орталығына айналатын осы нысанды ашамыз. Сондай-ақ Әзербайжанның егемендігін қалпына келтіру мәселесінде қолдау білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Әлбетте, Әзербайжанда Қазақстанды бәрі сенімді дос әрі одақтас ел ретінде таниды деп ойлаймын, — деді Ильхам Әлиев.

Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алғашқы отырысында сауда-экономика, инвестиция, мұнай-газ, көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері, цифрлық коммуникация және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы ықпалдастықты дамыту мәселелері қарастырылды.

КОНТЕЙНЕРЛІ БЛОК-ПОЙЫЗДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Қазақстан мен Әзербайжан Президенттері Сиань қаласынан Апшеронға контейнерлі пойыздың келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Сиань қаласындағы Қазақстан мен Қытайдың жаңа көлік-логистика орталығынан шығып, Транскаспий халықаралық көлік бағытымен (ТХКБ) Апшерон стансасына контейнерлі блок-пойыздың келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға телекөпір арқылы қатысты.

Бұған дейін биыл 28 ақпанда Сианьда Қазақстан терминалы ашылып, Қытай — Қазақстан — Әзербайжан бағыты бойынша алғашқы пойыз жолға шыққан болатын.

Мемлекет басшысы салтанатты шарада сөйлеген сөзінде қазіргідей жаһандық геосаяси тұрақсыздық жағдайында Еуразияның жаңа көлік-логистика жүйесі құрылып жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл процесте Қазақстан мен Әзербайжанның тығыз әрі табысты ынтымақтастығы басты рөл атқарады. Бірлескен күш-жігердің арқасында екі елдің сауда-экономикалық әлеуеті нығайып келеді.

Өз кезегінде Президент Ильхам Әлиев көлік саласы қызметкерлерін осы айтулы оқиғамен құттықтады. Сондай-ақ Қазақстан мен Әзербайжан ынтымақтастықтың көптеген бағыты, соның ішінде көлік-транзит саласындағы ықпалдастықты нығайту үшін белсенді жұмыс істеп жатқанын атап өтті.

Салтанатты шара соңында екі ел басшылары бірлесіп жемісті жұмыс атқарғаны үшін қазақстандық және әзербайжандық мамандарға ризашылығын білдіріп, табыс тіледі.

БЕРЕКЕЛІ БАСТАМАЛАР БРИФИНГТЕ АЙТЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді. Президент Әзербайжанды Қазақстанның стратегиялық серіктесі ретінде атап өтіп, бауырлас мемлекетке жасаған сапарының мән-маңызына тоқталды.

— Бұл мемлекеттік сапар елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды. Менімен бірге үлкен делегация келді. Бұл бауырлас Әзербайжан еліне жоспарланған осы



мемлекеттік сапарға мейлінше тыңғылықты дайындалғанымызды білдіреді. Бүгін біз тиісті құжаттар мен келісімдерге қол қою рәсіміне қатыстық. Ең бастысы, арадағы келісімге сәйкес, екі ел үкіметтері мен басқа да салалық ведомстволар жоғары деңгейдегі кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсайды, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Әзербайжанның ықпалдастығы достыққа, сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге және ескеруге негізделген мемлекетаралық қатынастың озық үлгісі саналатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жоғары деңгейдегі байланыстардың бәрі екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды нығайту үшін өте пайдалы. Президент Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысында талқыланған мәселелердің маңыздылығына назар аударды.

— Біз бүгін бүкіл әлемде ресурстардан бөлек, көлік-логистика саласындағы мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін бәсекелестік күшейіп келе жатқаны туралы айттық. Бұл — стратегиялық сала. Қазақстан да, Әзербайжан да сенімді серіктестіктер ретінде бұл бағытта тығыз қарым-қатынас жасап жатқаны қуанады. Сиань портынан Қазақстан аумағы арқылы Әзербайжанға дейінгі теміржол бағдарын ашудың өзі көп нәрсені аңғартады. Бұл, шын мәнінде, өте маңызды шара. Біз цифрландыру, жасанды интеллект жүйесін құру, Каспий теңізінің

табаны арқылы оптикалық-талшықты байланыс желісін тарту бағыттарында күш-жігер біріктіру туралы пікірлестік. Мұның бәрі — бірегей жобалар, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелеріне арнайы тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанның мәдениет күндерін жоғары деңгейде өткізгені үшін Әзербайжан тарапына ризашылығын білдірді.

— Біз өз елімізде Әзербайжан мәдениетінің майталмандарын асыға күтеміз. Бұл іс-шараның табысты өтетініне ешқандай күмән

бағыты өзінің әлеуетін толық ашуға кірісті. Бүгін Үкімет мүшелері көптеген мәселе бойынша егжей-тегжейлі баяндама жасады. Өзара ықпалдастық пен бірлескен іс-әрекеттердің нәтижелері, ең бастысы, болашақ жоспарларымыз, шын мәнінде, өте ауқымды, — деді Ильхам Әлиев.

Қазақстан мен Әзербайжан президенттерінің келіссөзі нәтижесінде бірқатар құжатқа қол қойылды.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЙДЫ

Мемлекет басшысы Әзербайжан Милли Мәжілісінің Төрағасы Сагиба Гафаровамен келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Сагиба Гафароваға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Әзербайжанның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. — Шын мәнінде, Қазақстан мен Әзербайжан — стратегиялық серіктес әрі одақтас елдер. Бүгін біз бұл мәртебенің мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына ерекше жауапкершілік жүктейтінін атап өттік. Екі ел ынтымақтастығының мазмұны бай әрі перспективасы зор. Бірқатар бірегей жоба қолға алынды. Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық сипаты туралы айтқан кезде, ең алдымен, мұнай мен газ, көлік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, индустрия және басқа да салалар ойға оралады, — деді Мемлекет басшысы. Өз кезегінде Әзербайжан Милли Мәжілісінің Төрағасы парламентаралық байланысты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. — Сіздің бүгінгі сапарыңыз елдеріміз арасында қалыптасқан достық, бауырластық қатынастардың дамуына ерекше үлес қосатынына сенімдімін. Қазір біз стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы әңгіме қозғап отырмыз. Мен бүгінгі кездесулерде қоғамның әртүрлі саласындағы қатынастарды дамыту жөнінде бірқатар маңызды мәселе талқыланып отырған хабарлармын. Сондай-ақ екі елдің парламенттері арасында өте терең іскерлік байланыстар орнанағын зор мақтанышпен әрі ризашылықпен айта аламын, — деді Сагиба Гафарова.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуге сапары барысында Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің рухына тағзым етіп, оның және зайыбы Зарифа Әлиеваның бейіттеріне гүл шоқтарын қойды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Шаһиттер аллеясындағы мәңгілік алауға гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Мұнда елдің азаттығы жолында, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау үшін құрбан болған Әзербайжан халқының бағыр ұлдары жерленген.

Шаһиттер аллеясы «Нагорный» саябағының аумағында орналасқан. Мұнда 1990 жылғы қайғылы оқиғаның құрбандары мен Қарабақ үшін болған шайқастарда қаза тапқан ұлт қаһармандарының бауырластар зираты бар.



ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата бюросының отырысында депутаттар 14 наурыз күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Бұл заң екі елдің азаматтық, отбасылық, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартының ережелерін жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да палата отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Құжатта медициналық мамандықтың мәртебесін арттыру және денсаулық сақтау қызметкерлерін заңгерлік, қаржылық қорғау жөніндегі нормалар, сондай-ақ басқа да шара қарастырылған.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Талқылауға жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау, электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген заң жобасы энергетика саласын реттеуге, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі шағын ауқымды объектілерді дамытуға және осы салаға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Осыған байланысты Кәсіпкерлік кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы келендік реттеу туралы» кодексіне және «Электр энергетикасы туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңдарға түзетулер ұсынылады.

Бірінші оқылымда депутаттар Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін онтайландыру мәселелері бойынша заң жобасын қарайтын болады. Құжат Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі



қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге мұқият саралау жүргізу туралы берген тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленді. Заң жобасын қабылдау азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейтуге, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың өздерінің іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін тиімді іске асыруын қамтамасыз етуге, пенитенциарлық жүйеде адам құқықтарының сақталуын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар әкімшілік әділет саласын жетілдіру және қолдану аясын кеңейту мәселелері бойынша Үкіметтің түзетулері қаралады. Азаматтық-құқықтық даулардың жекелеген санаттарын Азаматтық іс жүргізу кодексінен әкімшілік әділет деңгейіне ауыстыру туралы заң жобасы бірінші оқылымда талқыланады.

Мәжіліс Өзбекстан Үкіметімен экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алуды жоспарлап отыр.



«ӘДІЛ СӨЗДІҢ АЛДАСПАНЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ АЙТЫС БАСТАЛДЫ

Қызылорда қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Әйтеке бидің 380 жылдығына орай «Әділ сөздің алдаспаны» тақырыбында республикалық командалық айтыс басталды. Дүбірлі додада Қызылорда облысы мен Шымкент қаласының командалары өзара бақ сынасты.

Айтыс тізгінін ұстаған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай өнер сайысын тамашалауға келген көрерменге алғысын білдіріп, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Айта кетейік, жүзден жүйріктер топқа түскен тартысты додада тек айтыс емес, ұлттық өнеріміздің бірнеше жанры қамтылды. Яғни, айтыскерлер, күйшілер, жыршылар, термешілер және дәстүрлі әншілер арасында кіл мықтылар бақ сынамақ.

Сонымен, Сыр өңірінің намысын қорғаған Мұхтар Ниязов, Біржан Байтуов, Ержан Әміров, Мөлдір Айтбай, Бексұлтан Орынбасаров сынды ақындар Шымкент қаласынан келген Нұрлан Есенқұлов, Мейіржан Жарылқап, Әнәпия Нұрғали сияқты сөз мергендерімен сынға түсті. Сондай-ақ жыршылар Төлеубай Бисенбек пен Абылай Бөріханов, термешілер Әлілхан Қуанбаев пен Ербол Халмырзаев, күйшілер Алдияр Шағдатов пен Қайырбек Қалиев, дәстүрлі әншілер Ақмарал Нұғайбаева мен Тұрар Алменов бәсекенің көрігін қыздырды.

Осылайша, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, төраға Жүрсін Ерман, профессор Қойлыбай Асанов, ақын Серікзат Дүйсенғазы, ақын Құдайберлі



Мырзабеков, Қазақстанның Халық әртісі Рамазан Стамғазиев, күйші Жанғали Жүзбаев, жыршы-термеші, Ерболат Шалдыбаев сияқты қазылар алқасы сайысқа төрелік жасады. Жиынтық есеппен қызылордалық команда жеңіс тұғырынан көрініп, келесі кездесуге жолдама алды.

Қазылар алқасының мүшесі Қойлыбай Асановтың айтуынша, ел тарихында командалық айтыс алғаш рет 1986-1987 жылдары ұйымдастырылған. Араға 40 жылға жуық уақыт салып, игі дәстүр қайта жаңғырып жатқан көрінеді. «Жасыратыны жоқ, кейінгі жылдары айтыскерлерге түрлі сын айтылып жүр. Ақындар айтар сөзін алдын ала жаттап алып,

сахнаға дайындықпен шығады дейтіндер көбейді. Ал бүгін «Түре айтыс» та, «Қайым айтыс» та өте тартысты өтті. «Аттың жалы, түйенің қомында» суырып салып айтқан сөздердің куәсі болдық. Бұл – белгілі бір өңірлердің ғана емес, тұтас казак халқының рухани кеңістігіне жаналық алып келетін бастама», — деді ол.

Сайысқа қатысқан ақындарға 500 мың теңге, өзге жанрлар бойынша бақ сынаған өнерпаздарға 250 мың теңге мөлшерінде қаржылай сыйақы мен бағалы сыйлықтар табысталды. Енді келесі кездесу 15 наурызда Түркістан қаласында ұйымдастырылып, онда Түркістан және Жамбыл облыстарының өнерлі өрендері сынға түсетін болады.

ВАНДАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ ПЕТИЦИЯ 16 МЫҢНАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОЛ ҚОЙДЫ

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен қорғау жөніндегі ауқымды республикалық акцияны жалғастыруда.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында заңды қатаң сақтауды, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырғаны белгілі. Президент даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, түрлі тұрмыстық жанжал еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретініне назар аударды.

Мәселені шешу үшін жастар қанатының белсенділері мен ескерткіштерді, табиғи саябақтар мен қасиетті орындарды бұзакылық пен вандализмнің ізін тазартуға кірісті. Мысалы, «Жастар Рухының» 50-ден астам белсендісі «Жұмбақтас» жартасын тазалап, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында сенбілік өткізді. Сонымен қатар жастар қанатының мүшелері Алматы облысындағы Іле өзенінің бойында орналасқан «Тамғалы тас» шатқалынан 100 қап қоқыс шығарды. Қостанай

облысы Мичуринское ауылында «Жастар Рухы» белсенділері Ыбырай Алтынсарин кесенесінің аумағында сенбілік ұйымдастырды. Мұндай іс-шаралар елдің өзге өңірлерінде де өтеді.

Барлығы 1 500-ден астам «Жастар Рухы» белсенділері мен еріктілері 500-ден аса табиғи, тарихи және мәдени ескерткішті тазартты.



Акцияға қоғам белсенділері де қосылды. Мәселен, Kaz Alpine Club бірлестігінің басшысы Денис Лукьянчук өткен жылдың 13 қарашасында ұлттық мұраны қорғау жөнінде петиция бастады. Атап айтқанда, автор вандализмге қарсы бірқатар шараны ұсынады: ескерткіштерді бүлдіргені үшін жазаны қатандату, айыппұлдарды көбейту және елді мекендерден алыс орналасқан қасиетті нысандарды күзету үшін көшпелі патрульдер ұйымдастыру және өзге де жобалар енгізіліп отыр.

Жарты жылға жетпей бұл бастаманы 16 мыңнан астам адам қолдады. «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері барлық қазақстандықты өзекті мәселеден тыс қалмауға және петицияға қол қоюға шақырады.

Петицияға қол қою үшін alash.online порталына кірініздер.



ПЕТРОГЛИФТЕРГЕ ҚАУІП ТӨНІП ТҰР

Талдықорғанның төңірегінде аймақтың өткенінен мағлұмат беретін, ежелден осы жерді мекендеген атабадан мұраға қалып, бүгінге дейін аман жеткен жәдігерлер баршылық. Ескіден жеткен ежелгі қорымдар, обалар, тастарында таңбалар ойылып, бағзы заман адамдарының қолтаңбасы қалған тұтас кешендер жетерлік. Бір өкініштісі, солардың дені тиісті орындар тарапынан терең зерттелмеді, бағасы берілмеді және қорғалып та отырған жоқ. Тек еріктілер мен еліміз бен жеріміздің тарихына қызығушылық танытатындар анда-санда саяхат ұйымдастырып, тарихи ескерткіштердің маңызы жайлы әңгіме қозғайды.



Осыдан бірер жыл бұрын Кербұлақ ауданындағы Аркарлы тауларында орналасқан петроглифтерге қауіп төнгенде облыста дабыл қағылып, таңбалы тастарды құрылыс материалдарына пайдаланушыларды әрең тоқтатып, онда аталған аумақ мемлекеттің қорғауында деп белгі қойылған. Сонымен, ол жақ тынышталғандай болған. Шалғайда жатқан ондай ескерткіштің талайының тағдыры белгісіз. Оны айтасыз, облыс орталығының тура жанындағы Қызылтас саяжайлар аумағындағы тарихи және табиғи ескерткіштерден тұратын тұтас кешеннің басына қауіп төнгелі бірнеше жыл болды. Быттыр осындағы петроглифтер табылған жартастар «диорит» атты құрылыс материалдарын өндіру мақсатында талқандала бастағанда барып жергілікті экологтер мен белсенділер дабыл қағып, республикалық ұйымдарды қосып, Алматыға барып баспасөз мәслихатын өткізіп, әрең тоқтатқан еді. Осы тұстағы қалалықтардың сүйікті демалыс орнына айналған «тасбақа» тастың да тағдыры қыл үстінде тұрғаны сол кезде қозғалып, басқалармен бірге оған «AMANAT» партиясының да араша түскені есімізде. Сол кезде қала басшылығы: «700 адамды жұмыспен қамтып отырған «Темірбетон» ЖШС сияқты алпауыттың жұмысын түбегейлі тоқтата алмаймыз, олардың өндірісі осы аумақтан өндірілетін құрылыс материалына тікелей тәуелді. Бұл жер солардың меншігінде» деген еді.

Қалай болғанда да, сол жолғы наразылықтан соң жартастарды жару жұмыстары

жалғасып жатыр. Осы іспен айналысушы серіктестік диоритті түрлі көлемдегі қиыршықтасқа айналдырып, темірбетон бұйымдар мен құрылыстар шығаруға пайдаланады. Егер диориттің құрамында кварц көп болса, онда ол маркасы жоғары бетонға қосылады. Кеніш жұмыстары осындағы Темір шоқысында жүргізілуде. Бұған дейін зерттеу барысы көрсеткендей, дәл осы шоқыда жартастағы суреттердің тұтас кешені орналасқан. Сонымен бірге мұнда жету үшін жолдар жасалғанда отыздан астам қабірлі обаны трактормен тегістеп тастапты.

2007-2008 жылдары Қызылтас қыркасында Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының қызметкері, тарих ғы-

лымдарының докторы Алексей Марьяшов пен Сент-Луистегі Вашингтон университетінің ассистент профессоры Майкл Фрацетти басқарған Қазақстан – Америка халықаралық археологиялық экспедиция зерттеген. Ғалымдар Қызылтас қыркасының оңтүстік бөктерінде, солтүстік-батыс бөлігі мен ортаңғы тұсындағы екі шатқалда археологиялық барлау жүргізіп, тұтас петроглифтік кешен тапқан еді. Осы экспедицияның қатысушысы Ольга Гумираның айтуынша, таңғажайып петроглифтер туралы барлық ақпарат Алматы облыстық Мәдениет басқармасына тапсырылыпты. 2020 жылы облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы сол жерлерде археологиялық сараптама жүргізіпті. Соның нәтижесінде қабірлі обалар анықталып, оларға мемлекеттің қорғауындағы ескерткіштер мәртебесі берілді. Алайда мұның өзі де тарихи маңызы бар орында инертті материалдар өндіруге тоқтау сала алмаған көрінеді.

«Біздің «Охотники за петроглифами» қоғамдық қорына талдықорғандық экобелсенділер хабарласып, солардың өтінішімен бытырғы жылдың қараша-желтоқсанында ежелгі жартас суреттері жойылып жатқан жерге археологиялық зерттеу жүргізу үшін арнайы сапарлап бардық. Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық институтпен ынтымақтастық жөніндегі келісім аясында жұмыс істейтіндіктен, біздің мұндай зерттеулер жүргізуімізге өкілеттіміз бар. Темір жотасынан көптеген ежелгі петроглиф таптық. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі қайта қалпына келмейтіндей жойылып кетіпті. Жотаға апаратын жолдың бойындағы сақ қорғандары жермен-жексен болыпты. Білетіндердің айтуынша, оған дейін «Қазархеология» обаларды қысқа ғана мерзімде қазып, зерттеген. Бірақ қорғандардан табылған артефакттар, қазба жұмыстарының есебі қайда деген сауалдарға нақты жауап жоқ. Осылайша, обалардың орнында қазір жол жатыр. Ежелгі тарихқа, ата-бабадан қалған ескерткіштерге орны толмас зиян келген», — дейді қоғамдық қордың үйлестірушісі әрі атқарушы директоры Ольга Гумирова.

Археологтер зерттеу қорытындысында тау басындағы жартасты бекіністің де бұзылғанын жазады. Петроглифтердің қазір аман сақталып қалғандардан көп болғанына дәлел жетерлік. Жартастарды жарғанда айналада ұшқан тас сынықтардан да петроглифтерді көруге болады. Әзірге Қызылтас қыркасының оңтүстік беткейлерінде петроглифтердің бес бірдей ірі тізбесі сақталып қалған. Олардың арасында жеке-дара олардың мен бірге топтасқандары да бар. Сол мандағы «тасбақа» тастың маңындағы ежелгі қоныста Албан руының таңбасы болған.

Ольга Гумираның айтуынша, ең ежелгі суреттер біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдық қола ғасырына тән. Сонымен бірге дәл осы жартастағы суреттер кешенінде аса сирек кездесетін алыптардың бейнесі бар. Сондай-ақ скифтік-сақтықан түрінде орындалған көптеген петроглиф табылыпты. Бұларды біздің дәуірге дейінгі I мыңжылдыққа, ал түркі стиліндегі суреттерді біздің дәуірімізге дейінгі VIII-IX-XII-XIII аралығына жатқызуға болады. Біздің елімізде артефакттардың дәл осындай бір кешенде тығыз орналасуы сирек кездеседі. Өкінішке қарай, соның қалірін білмей отырмыз. Өлкеміздің өткенінен ғасырлар бойы аман жеткен аса құнды ескерткіштер әзірге талдықорғандық экобелсенділер мен ерікті тарихшыларға ғана қажет болып тұр. Олар Талдықорғанға келіп бәрін өз көзімен көріп, жинап откізді. Алматыда баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, бүкіл әлемге де дабыл қакты. Бірақ сондай ел жиналған кезде ғана елең ететін тиісті орындағылар араға аз уақыт салып барып бәрін ұмытады. Баспасөз мәлихатын ұйымдастырушылар бұған дейін жасалған археологиялық сараптамаға да күмәнданады. Өйткені ондай сараптамаларды аккредиттелген коммерциялық ұйымдар мүдделі басқа коммерциялық ұйымдардың тапсырысы бойынша жүргізеді. Мәселен, Темір тауындағы петроглифтерді «Темірбетон» ЖШС тапсырысы бойынша «Қазархеология» ЖШС сараптаған. Мұндағы тапсырыс беруші «Темірбетон» ЖШС өздерінің өндірісі үшін аса маңызды болып отырған тау сілемдеріндегі петроглифтердің тарихи құндылығын жоққа шығаруға мүдделі. Ал олардың тапсырысы бойынша сараптама жүргізген ұйымның пайда табу мақсатында қай жаққа бұра тартары айдан анық нәрсе.

«Мұндай жағдайды мен заңнамадағы жүйелі қателік деп есептеймін және тез арада түзетілуі керек» деген қоғам қайраткері Мұхтар Тайжан аталған мәселеге мәжілісмендердің назар аударуын талап еткен еді.

«Жасыл құтқару» қоғамдық қорының жетекшісі, экобелсенді Сергей Куратов Қызылтастағы петроглифтерді аман алып қалудың нақты бірнеше қадамын ұсынады. Олар — ескерткіштерді бақылау мен қорғауды және оларды қирату мен бүлдіруге қатысты жауапкершілікті барынша қысқайту, басқа жаққа көшіру.

Бытырғы жылдың желтоқсанында «Темірбетон» мен өкімдік өкілдері петроглифтерді көшіру арқылы мәселені реттеуді ұсынған. Бұл жұмыстарды қаржыландыруды өндірісшілер мойнына алып, «Қазархеология» жүзеге асырады делінген. Алайда ол сөз жүзінде қалып қойды.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

(Басы 1-бетте)

ЖОЛДАРҒА 235 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Қаржы министрлігі берген мәліметке жүгінсек, 2024 жылы «Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жөндеуді және күтіп ұстауды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтерді орындау» атты бір ғана бюджеттік бағдарлама аясында 122 миллиард 692,1 миллион тенге бағытталады. Бұл мол қаржы «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ-ның еншісіне тиді. Ол мердігерлерді жалдап, республикалық бюджет қаражаты есебінен ортақ пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді, күтіп-ұстауды, көгалдандыруды, ахуалын диагностикалауды және аспаптық құралдармен тексеруді жүзеге асырады.

Бірақ шығын мұнымен бітпейді. Министрлік «мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде не тартылған инвестициялар есебінен жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды ұйымдастыруы» үшін сол «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясына 96 миллиард 117,6 миллион тенге аударады. Бұл қаржы 2024 жылы Ұлттық қордан алынады.

Филиалдарының басшылары пара алу үстінде жиі ұсталатын «ҚазАвтоЖол» биыл басқа да миллиардтарды қанжығалайды. Мысалы, автомобиль арқылы жүктердің транзиттік тасымалының көлемін артыру мақсатында өткізу пункттерін модернизациялауға, жолдар тартуға Ұлттық қордан 15 млрд 339,7 млн тенге алады.

Осының бәрін ұқсатып, ұтымды жұмсай білсе, Ұлы дала елінің жолдары тақтайдай түзу болып, әрбір жүргізуші мен жолаушыны тәнті етер ме еді.

Бірақ жолдарға бағытталатын қаражат бұл 235 миллиард теңгедей қаражатпен бітпейді. Халықаралық қаржы ұйымдарынан ұлан-ғайыр несие қаражаттар тартылмақ.

Жалпы, Көлік министрлігінің мәліметінше, елдегі жолдарды жөндеп, не жаңадан төсеп шығу үшін кем дегенде 2,2 триллион тенге талап етіледі. Оларды шетелден қарыз түрінде алу жоспарлан-



ЖОЛЫН ЖӨНДЕГЕН

негізгі дәліздерін реконструкциялауды аяқтауға бағытталады. Тұтастай алғанда, осы жылы 2 091 шақырым жолды пайдалануға беру және 419 шақырым жолды ашу жоспарланған, — деді министрдің орынбасары.

Ал жана тұжырымдама аясында елдің көлік-транзит әлеуетін одан ары өркендету, облыстарымыздың арасындағы қатынасты жақсарту және көлік инфрақұрылымын жаңғырту үшін 2024 жылдан 2030 жылға дейінгі аралықта жалпы ұзындығы 4,7 мың шақырым жана жобалар кезең-кезеңімен қолға алынады.

Бірінші кезеңде 2024 жылы «Қызылорда—Жезқазған» (Ұлытау облысы бойынша учаске), «Ақтөбе—Қызылорда» («Ақтөбе—Ұлғайсын», «Қызылорда—Сексеуіл» учаскелері), «Қарағанды—Жезқазған» және «Сарыағаш қаласын айналып өту» жобаларында жұмыстар басталады.

Екінші кезеңде, яғни 2024-2026 жылдары құрылыс-монтаждау жұмыстары «Атырау—Доссор», «Астана—Қостанай—РФ шекарасы», «Атырау—Орал» («Атырау—Индер», «Орал—Чапаево») және «Түркістан қаласын айналып өту» жолдарында жүргізіледі.

Үшінші, яғни 2026 жылдан кейінгі ақырғы кезеңде жалпы ұзындығы 1 434

ЕЛ АДАСПАЙДЫ

Ондай жолдар болмаған соң, әсіресе Ресеймен шекаралас облыстарымызға Қазақстанның өз өңірлеріне айналма жолдармен қатынағаннан гөрі, көршіге сапарлап, соның федерациялық субъектілерімен ынтымақтасқан, тауарды солардан арбалаған әлдеқайда жеңіл болып тұр.

Бұл олқылықты жою жұмыстары бытыр бастау алыпты. Көлік министрлігінің мәліметінше, 2023 жылы еліміздегі бірнеше ірі автожол жобалары бойынша бытыр құрылыс-монтаждау жұмыстарымен 10 мың 700 шақырым, соның ішінде 6,5 мың шақырым республикалық маңызы бар автомобиль жолы қамтылған екен.

«2023 жылы Көлік министрлігінің негізгі күш-жігері 4-5 жылға созылған «сақалды» құрылыс жобаларын іске қосуды жеделдетуге бағытталды. Нәтижесінде, Талдықорғаннан Өскеменге, Қарағандыдан Алматыға және Ақтөбеде «Қандыағаш—Атырау» бағыты арқылы Астраханьға дейінгі жолдарда қозғалыс ашылды. Бұл жобалар бойынша жалпы ұзындығы 856 шақырым жол салынып, 1 мыңнан астам шақырым жолда қозғалыс ашылды», — деп хабарлады көлік ведомствосы.

Сондай-ақ біраз жыл жыр болған Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (БАКАД), «Үшарал—Достық» және «Қостанай—Денисовка» автожолдарын салу, қайта жанарту бойынша ірі жобалар аяқталды.

Бытыр іске қосылған жобалардың бәрі жол қозғалысына жұмсалатын уақытты үнемдеп, жол журу кезінде жайылықты арттыруға және көлік шығындарын азайтуға мүмкіндік берді.

Бұл 2023 жылдың қорытындысында көлік саласының экономикасын жақсартып, нақты көлем индексін 106,9%-ға өсірді. Қазақстан аумағы арқылы әлемдік нарыққа өтетін транзиттік жүктердің көлемі 21%-ға ұлғайып, 32,3 миллион тоннаға жетті. Барлық бағыт бойынша оң динамика байқалады.

Алайда кейбір жоба аяқталмай, биылға көшті.

«Барлық ауыспалы жобалар 2024 жылы қолданысқа беріледі. Содан соң кезең-кезеңімен жалпы ұзындығы 4 мың 700 шақырым болатын жана жобалардың құрылысы басталады. Олар еліміздің облыс орталықтарын бір-бірімен байланыстырады. Салынып жатқан автомобиль жолдарының сапасын арттыру мақсатында ЕРСМ-келісімшарттың халықаралық жүйесі және FIDIC ережесі енгізілді. Сондай-ақ жана технологиялар мен материалдардың 75-тен астам түрі сынақтан өткізілді», — деді Көлік министрлігіндегілер.

**ЖАНА ЖОЛДАР ЗАМАНА
ИГІЛІКТЕРІМЕН ЖАРАҚТАНАДЫ**

Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, Президент 2029 жылға дейін республикалық желідегі 8 мың шақырым жолды сапалы салу және реконструкциялау міндетін қойып отыр. Соның аясында таяу жылдары жалпы ұзындығы 4,7 мың шақырым негізгі автожол жобаларын кезең-кезеңмен іске асыру жоспарланып отыр. Осы арқылы жол құрылысы қайта жаңғыртылады, Ресейді айналып өтетін халықаралық дәліздер кеңейтіліп, Транскаспий халықаралық көлік бағытында республиканың транзиттік әлеуеті нығайтылады.

Жергілікті жолдар желісіне келсек, бүгінде 70 мың шақырым жолдың 85%-ы — нормативтік жағдайда. Әкімдіктер бытырдан бері 4,2 мың шақырым жолды жанартып жатыр. 2029 жылға дейін облыстық және аудандық маңызы бар 14 мың шақырым жолды жөндеу жоспарланған.

Сонымен қатар саланы реформалау аясында автожолдар салу процесін бақылауды күшейту тетіктері енгізіліп, нормативтік құжаттар жетілдірілу үстінде.

Өз кезегінде, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының хабарлауынша, алдағы онжылдықта күре жолдарды салу және күтіп ұстау сапасын арттыру шаралары қабылданады. Олардың қатарында жол жобаларының барлығына FIDIC халықаралық стандарттарын енгізу, техникалық құжаттаманы келісу процесін жетілдіру, жобалаушы және мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру, автоматтандырылған бақылау жүйелерін бірыңғай IT-жүйеге интеграциялау, қажетті жол-пайдалану техникасы мен жабдықтарын сатып алу және басқасы бар.

Қорытындысында, 2032 жылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар автожолдардың үлесін 100%-ға дейін жеткізу, сондай-ақ жергілікті жолдардың жағдайын жақсарту үшін өңірлерді тиісті жұмыспен толық қамту жоспарланып отыр.

«Бұған қоса, жоғары жылдамдықпен жүруге рұқсат етілген жана ақылы учаскелерді енгізу жалғасады. Бұл ретте көлік қозғалысы неғұрлым көп бағыттарға басымдық берілетін болады. Бұл Кытайдан және Орталық Азия елдерінен Еуропаға жүктерді тасымалдау бойынша Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді», — деп түсіндірді «ҚазАвтоЖол».

Жол бойындағы инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласы да дамымақ. Бұл бағытта бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау, инвесторларды тарту, қызмет көрсету және жана объектілер, демалуға арналған алаңдар, модульдік

үлгідегі абаттандырылған санитарлық-гигиеналық тораптар және басқасын салу кезінде халықаралық стандарттарды енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жана жолдардың бойында электро-мобильдерді қуаттау стансаларының жүйесі қойылады. Караванинг және TIR-паркинг алаңдарын орнату, сондай-ақ инклюзивтілік, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың сұраныстарын қанағаттандыру, ана мен баланы қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылмақ.

Бүгінде республикалық маңызы жолдардың бойында 1,6 мыңнан астам қызмет көрсету нысаны жұмыс істейді, олардың 78%-ы Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келеді. 2029 жылға қарай Ұлттық стандартқа сәйкес келетін 300-ден астам жана қызмет көрсету нысанының құрылысы жүргізілмек.

Егер Үкімет міндет үдесінен шыға алса, қазақстандықтар әлемдегі үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жолдармен зулап, дйттеген жеріне жайлы өрі жылдам жете алатын болады.

Елдос СЕНБАЙ



ған. Өйткені жол құрылысы жыл санап қымбаттап барады. Автотрассаның 1 шақырымын салудың бағасы 800 мың доллардан басталып, бірнеше миллион долларға дейін шығындады.

**БИЫЛ ҚАНДАЙ БАҒЫТТАР
АШЫЛАДЫ?**

Көлік вице-министрі Сәтжан Абляшевтың айтуынша, биыл республикалық маңызы бар 2 091 шақырым жана және жаңартылған автожолдар пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, 2024 жылы республикалық желінің 5,3 мың шақырымын жөндеу, жаңадан салу және қалпына келтіру жұмыстары жалғасады. Тарата айтсақ, құрылысы және реконструкциялау жүргізілетіні — 3,1 мың, жөндеу жасалатыны — 2,2 мың шақырым.

Нәтижесінде, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық жолдардың үлесі 93%-ға дейін ұлғаяды деп жоспарланып отыр.

Салыстырсақ, 2023 жылы күрделі және орташа жөндеумен 2,9 мың шақырым республикалық жол қамтылды. Соның ішінде 1,1 мың шақырымының жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал жергілікті желінің 4,2 мың шақырымы жөндеумен қамтылып, оның 3,6 мыңында жұмыстар өз мәресіне жетті. Осы арқылы республикалық, жергілікті желілердегі нормативтік жағдайдағы жолдардың үлесі 87%-ға жеткізілді.

— Президенттің тапсырмасына сәйкес, негізгі күш-жігер бұрынғы жылдары басталған «Астана—Балқаш—Алматы», «Талдықорған—Өскемен», «Ақтөбе—Қандыағаш» және «Атырау—Астрахань»

шақырымдық қалған жобалар өмірге жолдама алуы тиіс.

Вице-министр бюджет қаржысы барлық жолдарды тегіс жанартып шығуға жетпейтінін ашық айтты. Сондықтан қаржыландыру тапшылығын ескере отырып, қозғалыс қарқындылығы төмен, көлік әлдеқайда аз жүретін жекелеген жолдар қайта салынбайды. Оның орнына оларда ескі конструкциясын нығайту, жай ғана жөндеу жүргізу ұсынылды. Бұған «Павлодар—Успенка» және «Семей—Барнауыл» жолдары жатады.

— Мұның сыртында, салынғалы жөндеу көрмеген жолдарды нормативтік жағдайға келтіру міндеті қойылды. Бұл үшін алғаш рет Еуразиялық даму банкінен несие қаражат тартылады. Ол кредит 5 мың шақырым ұзындықтағы жолдардың конструкцияны күшейте отырып, орташа жөндеу бойынша ауқымды бағдарламаға жұмсалады, — деді Сәтжан Абляшев.

Вице-министр орташа жөндеу жұмыстары жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді талап етпейтінін еске салды. Осының арқасында бұл жобаларды іске асыру мерзімдері жеделдеуі тиіс.

**ОБЛЫСАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАС ЖАҚСАРАДЫ**

Биыл еліміздің өз өңірлерін бір-бірімен жалғайтын жолдар салынатыны айтылды. Олардың жалпы ұзындығы 5 мың шақырымға жуықтайды.



Қазір бұл мәселеге мемлекеттің айрықша назар аударып отырғаны да содан. Біз бұл тақырыпқа байланысты пікірін білмекке Парламент Мәжілісінің депутаты Үнзила Шапақпен тілдескен едік. Елімізде бала құқығының қорғалуына қатысты Мәжіліс депутаты да үнсіз қалған жоқ. Ол қазір мәжіліс қабырғасында бала құқығын қорғауға байланысты отбасылық зорлық-зомбылық үшін әрекеттерді қылмыстық теріс қылыққа өзгерту, қолданылатын жазаны қатайту мәселесі қаралғанын және оның депутаттар тарапынан қолдау тапқанын жеткізді.

— Үнзила ханым, кейінгі уақытта ақпарат ағынында балаларға жасалатын қысым туралы деректер көбейді. Бейбіт заманда балаға аяусыздық таныту фактілері нәліктен жиілеп кетті?


— Әрине, бұл сұраққа дәп басып, нақты жауап беру қиын. Менің пікірімше, балаға аяусыздық таныту фактілері бұрыннан бар. Әлеуметтік желілердің уақыт өткен сайын дамып, кең қолданысқа енуінің арқасында мұндай жайсыз оқиғалар қоғамда ашық көрініс табауда. Балаларға жасалатын қысымның көбеюіне себеп болатын факторларды бірнеше бөлікке бөліп, жіктеуге болады. Біріншіден, қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық факторлар. Бұл дегеніміз — теңсіздік, кедейлік, жұмыссыздық және өзге де әлеуметтік-экономикалық мәселелер қоғамдағы шиеленіс деңгейін арттырып, отбасы мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының көбеюіне ықпал етеді. Екіншіден, қоғамда ақпараттың жетіспеушілігі. Кейбір ата-аналардың баланың дамуы, ата-ана тәрбиесі мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы жеткілікті білімі болмауы мүмкін. Білімнің аздығы мен қолжетімсіз ақпарат балаларды тәрбиелеу мен жазалаудың дұрыс емес әдістеріне әкеліп соғуы мүмкін. Үшіншіден, мәдени және дәстүрлі көзқарастар. Кейбір қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылық, әсіресе физикалық жаза рұқсат етілген құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Төртіншіден, психологиялық мәселелер. Ата-анада күйзеліс, нашакор-



Әдетте тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы сөз еткенде үлкендердің кішілерге, ерлердің әйелдерге жасайтын қысымы еске түседі. Өкінішке қарай, қоғамда мұндай келеңсіздіктер тыйымдай-ақ түр. Бірақ әлімжеттіктің балабақшада да болатынына көз жетті. Демек, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тамыры тереңге кететінге ұқсайды. Ал қиянатшыл адамдар бар жерде үлкеннің де, кішінің де құқы бұзылатыны айтпаса да түсінікті. Әсіресе, мұндайда бала құқы мәселесі өзекті бола түседі.

Үнзила ШАПАҚ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

Жалғызбасты



лық, алкогольизм, ойынқұмарлық және шамадан тыс қарызға бату секілді психологиялық проблемалар бар болса, бұл отбасында және балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларының болуына әкелуі әбден ықтимал. Соңғысы бұл — тиімді қорғаныс тетіктерінің болмауы. Кейбір елдерде балалардың құқықтарын қорғау жүйесі жетілдірілмеген немесе тиімсіз болуы, сондай-ақ балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін құқық қорғау шаралары іс жүзінде тиісінше жүзеге аспауы мүмкін.

— 2023 жылғы статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 400 мыңнан астам бала өмірге келеді. Бүгінде елімізде бала құқығы қалай қорғалады?

— Қазақстан бала құқығының қорғалуына, оның жүзеге асуына аса мән береді. Ата Заңымыз, яғни Конституцияның 1-бабына сәйкес, мемлекеттің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Осы баптағы адам ұғымына балалар да кіреді. Сондай-ақ Конституцияның 27-бабына сәйкес Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Осы баптың екінші тармағына сәйкес, оларға қамқорлық

жасау міндеті тек қана мемлекетке емес, сонымен қатар ата-аналарына жүктеліні жазылған. Халықаралық құқық кеңістігінде Біріккен Ұлттар Ұйымы 1989 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны қабылдады. Еліміз бұл конвенцияны 1994 жылы ратификациялады, яғни халықаралық заңды бекітті. Конституцияның 4-бабына сәйкес республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады. Демек, бала құқықтары мемлекетіміздің аумағында конвенция арқылы да қорғалады. Онымен қоса, бала құқықтары кодекс деңгейінде қорғалады. Неке және отбасы кодексінде бала құқықтарына арналған институт, яғни жеке кодекстің 10-тарауы бар. Кодекс отбасылық қатынастарды және отбасындағы балалардың

құқықтарын, соның ішінде білім беру, қамқорлық, тәрбие және мұрагерлік құқықтарын реттеудің негізгі принциптерін белгілейді. 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы заң қабылданған. Заң бала құқықтарын зорлық-зомбылықтың, қанаудың және кемсітудің барлық түрінен қорғаудың негізгі принциптері мен тетіктерін белгілейді. Осы заңның жеке 8-тарауы баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға арналған. Бала құқықтары Білім туралы заңымен де қорғалады. Заң білім берудің негізгі принциптерін, соның ішінде кемсітудің барлық балаға білім беру құқығын анықтайды.

— Ең алдымен азаматтардың, соның ішінде балалар, ата-аналар, тәрбиешілер мен басқа да мамандардың балалар құқығы, зорлық-зомбылық түрлері және қорғау тәсілдері туралы хабарлар ету жағымсыз оқиғаларды алдын алуда маңызды рөл атқарады. Тағы бір маңыздысы, отбасы институтын қолдау. Бұл балалардың және бүкіл қоғамның әлауқатын қамтамасыз етуде негізгі рөлге ие. Сондай-ақ ата-ана тәрбиесі, дағдыларды дамыту бойынша консультациялар, білім-беру бағдарламаларын ұйымдастыру маңызды. Онымен қоса, қазір қоғамда жалғызбасты ата-аналардың саны аз емес. Сондықтан жалғызбасты ата-аналарға қолдау көрсету мә-

Қолдау қажет

— Осы күнге дейін балаларға жасалған қысымның сан түрін көріп келсек те, қоғам әлі одан сабақ ала қоймаған сынайлы. Бұл ретте бала құқығын қорғау аясында заңға қатаң өзгеріс енгізу қажет пе?

— Расында, балалардың құқығын қорғау мәселесі көптеген қоғамда өзекті тақырып болып қала береді. Заңға өзгеріс енгізу, жана заң қабылдау тез әрі оңай, негізсіз жүзеге асатын процесс емес. Қоғамдағы кез келген келенсіз оқиғаларға тосқауыл қою мемлекет тарапынан ғана емес, қоғам тарапынан да қолдау табуға тиіс. Қоғам бұл мәселеде мүдделі болмаса, тиісінше қоғамдағы өзгерістердің болуы екіталай. Сондықтан балаларға жасалатын зорлық-зомбылыққа байланысты жағымсыз оқиғалардың өсуіне жол бермеу мемлекет тарапынан да, жалпы қоғам тарапынан да кешенді тәсіл мен күшейтілген күш-жігерді талап етеді.

— 2023 жылдың қараша айындағы көрсеткіш бойынша елімізде 25 бала ажал құшқан. Өкініштісі, оның ішіндегі 6 бала жақындарының қолынан қаза тапқан. Мұндай келенсіз оқиғалардың артуына тосқауыл қоя аламыз ба?

селесіне ерекше назар аударуға тиіспіз. Себебі жалғызбасты ата-ана балаларды тәрбиелеуде және олардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуде қосымша қиындықтарға тап болуы мүмкін. Қоғамда отбасылық құндылықтар мен дағдыларды дамыту қажет. «Қазақстандық отбасылар — 2022» ұлттық баяндамасының деректеріне сәйкес, неке коэффициенті 2017 жылы 9,33-тен 2022 жылы 7,34-ке дейін төмендеді. Қазақстанда тіркелген некелер санының төмендеуі байқалады. Сондықтан отбасылық құндылықтар мен дағдыларды дамыту бағдарламалары отбасылық байланысты нығайтуға және отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді. Сенатқа жолданған заң жобасында дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қатысты норма көзделген. Қолданыстағы Конституцияның 27-бабында Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болатыны нақты айқындалған. Бұл қазіргі қоғамдағы басты құндылық саналады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бала алдындағы ата-ананың қарызын өтеу үшін мемлекеттік алимент қорын құру мәселесі көтеріліп жатыр. Мұндай қор құру туралы 2017 жылдан бері ауық-ауық айтылып келеді. Жакында Парламентте мемлекеттік алимент қорын құру туралы тағы да қозғалды. Депутат Магеррам Магеррамов Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған сауалында алимент бойынша берешек туралы статистиканы «сөйлетті». Оның айтуынша, 2024 жылдың 1 қаңтарындағы статистикаға сәйкес, алимент өндіру туралы 8 мыңнан астам сот шешімі мүлдем орындалмаған. Салдарынан алимент қарызы триллиондарға жеткен. Ал Әділет министрлігінің есебінше, елімізде алимент төлеуден қашып жүрген 270 мыңнан астам адам бар.

— 2022 жылы алимент бойынша берешек 13 793 780 739 теңге болса, қазір 20 796 615 823 теңгеге жеткен. Бұл цифрлар елімізде қаншама бала мұқтаждықпен күн кешіп отырғанын көрсетсе керек. Ендеше нақты шаралар қабылдайтын кез келді. Ол үшін бірінші кезекте алимент өндіріп алу кезінде оның сомасы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болмауға тиіс. Екіншіден, Мемлекеттік алимент қоры құрылсын. Ол бюджеттен тыс түсімдерден құралып, негізгі мақсаты — 3 айдан артық алимент алмаған балаларға осы қордан алимент төленсін. Ал ол ақша мемлекетке борышкерлерден өндіріп алынсын. Жана Үкімет бұл мәселеге түсіністікпен қарап, пәрменді шаралар қабылдайды деп үміттенемін, — деді Магеррам Магеррамов.

Елімізде алимент өндіру негізінен сот шешімдеріне сәйкес орындалады. Сондықтан ол жұмыс тікелей жеке сот орындаушыларға жүктелген. Бірақ Сот орындаушыларының республикалық палатасы қабылдаған бастамалардан нақты нәтиже болмай тұр. Астана қаласы жеке сот орындаушылар Өңірлік палатасы басшысының орынбасары Айбын Өтегеновтің айтуынша, алимент материалдық немесе әлеуметтік мәселе емес.

— Алимент сана-сезімнің, намыстың, жауапкершілік пен мейірімнің жоғалуы. Отбасы құндылықтарының құлдырауы. 200-500 мың алимент алатын адамдар да бар. Бірақ оған қанағат тұтпайтындар да кездеседі. Алимент өндіру сапасының төмендігі алдымен жұбайлар арасындағы ерегеске байланысты. Баланың қақысын ойлап жатқан ата-ана жоқ, — дейді Айбын Өтегенов.

Сөзінің жаны бар. Елімізде жылдан-жылға ажырасу фактілері көбейіп бара жатыр. Отбасындағы ұрыс-керіс, ерлі-зайыптылар арасындағы ерегес салдарынан шайқалған шаңқар, жылыу жоқ жанұялар көбейген. Ерегескен екеу баланың құқығын, баланың ақысын ұмытып, бас араздығын түгендеп кетеді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, елімізде 520 986 толық емес отбасы бар. Олардың ішінде 452 мың отбасын тек анасы асырап отыр. Ал 68 мың отбасын әкесі асырап отыр. Сәйкесінше, 521 мыңға жуық отбасының балаларының құқығы бұзылып, олар материалдық жетіспеушілікте жарытып тамақ ішпейді, жайрандап күлмейді, жарқырап киім кимейді. Қордаланған мәселенің түйінін тарқату мақсатында заң қатандатылып, жеке сот орындаушыларға талап күшейді. Әділет министрлігінің дерегінше, былтыр алимент төлеуден жалтарған 14 мыңнан астам азаматқа елден шығуға

Елімізде бала алдындағы жауапкершіліктен жалтаратындар қатары көбейіп, алимент бойынша қарыз артқан. Перзенті үшін материалдық жауапкершіліктен қашатындар табысын жасырады. Дүние-мүлкін ата-анасының немесе басқа да туыс-таңыстарының атына жазғызып, айлығын ең төменгі мөлшерде көрсетіп, түрлі айла жасайды.

уақытша тыйым салынып, 7 мыңға жуығы әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

ЗАМАНҒА САЙ ЗАҢ КЕРЕК

Жалпы, сот орындаушылары алиментті мәжбүрлеу арқылы өндіреді. Сарапшылардың айтуынша, алимент өндіруді күрделендіріп отырған негізгі мәселе — борышкерде ресми жұмыс орнының болмауы, табысының және мал-мүлкінің жоқтығы. Сондай-ақ Неке және отбасы туралы кодекстегі кейбір баптардың соқылдақтығы. Мәселен, Неке және отбасы туралы кодекстегі 139-бап бойынша алиментті ай сайын бір балаға — ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің — 4/1 бөлігін төлесе, екі балаға 3/1 бөлігін, үш және одан көп балаға тең жартысын төлеп отыруға міндеттеледі.

— Борышкер алиментті аз мөлшерде төлеу мақсатында жұмыс берушімен келісіп немесе формалды түрде жұмыс беруші таныстарына тіркеліп, ең төменгі айлықты көрсетіп, соның үлесінен алимент төлей бастайды. Бұл біріншіден, борышкердің табысын жасыруына, жұмыс берушімен сыбайластық келісімге келуіне жол ашады. Сондай-ақ айлықтың ең төменгі мөлшеріне (85 мың теңге) сәйкес есептелген үлестік қатынаста өндірілген алимент қаржылары баланың ай сайынғы қажеттілігін өтеуге жетпейді. Бұған Қазақстан Республикасында ең төменгі күнкөріс деңгейінің адам басына шаққандағы шығыны — 43 407 теңгені құрауының өзі дәлел бола алады. Сондықтан алимент мөлшерінің шекті көрсеткішін бекіту керек, — дейді Астана қаласы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы басшысының орынбасары Айбын Өтегенов.

Ал өтелмеген алиментті өндіру үшін заң талаптарына сәйкес атқару парағы немесе сот бұйрығы мәжбүрлі түрде орындалу үшін сот орындаушыларына түседі. Сот орындаушысы атқару өндірісін қозғаннан кейін атқару құжатында көрсетілгендей, борышкердің айлығынан үлестік қатынаста өндіреді. Жоғарыда айтқанымыздай, заңның осал тұстары алиментті төлеуі кезінде заңсыздықтардың орын алуына түрткі болады. Сондай-ақ, маманның айтуынша, бұл заң 1936 жылдан бері өзгермеген. Алимент өндіру институты ескірген. Кеңестік кезеңнен жалғасып, ғасырға жуық «жасап келе жатқан» заң қазіргі нарықтық қоғамның сұранысына жауап бере алмайды. Кеңес үкіметінде айлық тұрақты, жұмыс тұрақты, азық-түлік бағасы да тұрақты болды. Қазір айлық жалақы ала-құла, азық-түлік сөт саппа өсіп жатыр. Жылдар бойы тұрақты бір



қызметте жұмыс істеп отыра беретін түсінікте келмесе кеткен. Сондықтан заңды заман талабына сай өзгерту керек.

ЖАЗАЛАУ ТҮРЛЕРІ ӘЛІСІЗ

Ал алимент төлемдерін төлемегені үшін борышкер бүгінгі заң нормаларына сәйкес, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 669-бабы және Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша жауапкершілікке тартылады. Мәселен, 669-бап бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін соттар — бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу туралы үкім шығарады. Мамандардың айтуынша, тәжірибеде, бұл баптар нақты нәтиже бермейді. Себебі борышкерден алимент өндіре алмай жүргенде мемлекет пайдасына айыппұл өндіру мүмкін емес. Сонымен қоса, бес күндік қамауға алу арқылы мемлекет қаржысы борышкерді бес күн асырауға жұмсалды да, боышкер ешқандай жауапкершілікті сезінбейді.

Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша соттар — алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарады. Бірақ бұл да нәтижесіз шешім. Себебі қылмыстық жауапкершілікке тарту елімізде сотталғандардың санының көбеюіне және баланың келешегіне кері әсер етеді.

— Мен Қылмыстық кодекстің қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 139-бабын алып тастауды ұсынар едім. Себебі еліміздің статистикасында қылмыскерлер саны арталы және қылмыскер екенің баласы деген «танбамен» баланың жұмысқа орналасуына кедергілер көбейеді. Егер баланың болашағына, психологиясына алаңдайтын болсақ, Конституцияның 24-бабының 1-тармағы негізінде, алимент төлемеген борышкерді әкімшілік жауапқа тартып, сот актісінің негізінде еріксіз енбекке салу қажет. Бұған жұмыс

ТҮЙІН:

Ал мемлекеттік алимент қорын құру мәселесіне келсек, онысыз да мемлекеттік бағдарламалардан көмек алып, масыдылық психологияға бейімделіп жатқандар қатары көп. Сондай-ақ мемлекеттік қор мемлекеттен көмек алу үшін көлемділі экономикалық «көрігі» қыздырып жүргендер үшін таптырмас мүмкіндік тудыруы мүмкін. Сондықтан алимент қорын құру және заңнаманы жетілдіру тетіктері қандай болуы керек екенін сұрап, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменова хабарласқан едік.

«Алиментке қатысты мемлекет тарапынан, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Ішкі істер министрлігі бірлесе отырып, Үкімет тарапынан талдау сараптамалық кешенді зерттеу-зерделеу жұмысы жасалуы қажет деп ойлаймын. Жалпы, қанша алимент төленбей жатыр, қанша адам алимент өндіре алмай жүр, алимент төлеу тетіктерін жетілдіру мәселелері туралы Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға сұрақтар қойған едім, ол кісі мұны қарастырайық деген ой айтты. Алдағы уақытта талқылаймыз деп ойлаймын. Ал өз тарапымынан бірнеше заң жобасы аясында бұған қатысты нормалар әзірлеп жатырмын. Бірақ ерлі-зайыптылар арасындағы алименттік міндеттемелер туралы жалпы заңнамалық аналитика, сонымен қатар оның мәртебесін регламенттейтін жалпы әлеуметтік-экономикалық салада заңнамалық нормалар қажет деп білемін. Алимент өндіре алмай жүрген, экономикалық зорлық-зомбылық көріп жүрген, бірнеше баласын өзі жалғыз асырауға мәжбүр жалғызбасты аналардың жағдайы ойландырады. Мәселені жан-жақты қарастыру өзекті», — деді Жұлдыз Сүлейменова.

орындарды жергілікті әкімшілік қамтамасыз етуге болады. Нәтижесінде, жұмыс істемей жүрген борышкерлер мәжбүрлі түрде жұмысқа жегіледі. Есесіне баласына алимент төлейді, — дейді Айбын Өтегенов.

Сонымен қатар алимент өндіру тетіктерін жетілдіру үшін «алиментті тек әкесінен немесе анасынан ғана емес, ата-әжесінен де өндіру тетіктерін қарастыру керек», — дейді сарапшылар. Неке және отбасы туралы кодекстің 152-бабында сот арқылы алиментті баланың ата-әжесінен өндіруге болады. Бірақ сот алдымен аталған кодексстің 139-бабы бойынша алимент өндіруі керек. Егер жағдай ұшығып, алиментті әкесінен немесе анасынан өндіре алмаған жағдайда ғана сот ата-әжесінен алимент талап ете алады. Алайда сотқа жүгініп, сот шешімі шығуы, оның заңды күшіне енуі біраз уақытты талап етеді. Сәйкесінше, сол аралықта бала алимент алмайды. Тәжірибеде борышкерлер алимент төлемей қашып, іздеуде жүргенде, алиментті ата-әжесінен өндіріп алу туралы сотқа талап арыз түскенде, көптеген борышкерлер табылып, алимент төлей бастайды. Себебі борышкердің әкешесі, туған ағайындары алиментті борышкердің өзіне төлеуді талап етеді.

— Астана қаласының өзінде 20 818-ден астам алимент өндіру туралы сот актілері бар. Оның 621-і іздеуде, ал іздеуде жүргендердің балалары мүлдем алимент ала алмайды. Сондықтан процесті созбаққа салмау үшін Неке және отбасы туралы кодекстің 139-бабы мен 152-бабын қосып, толықтырулар енгізу қажет. Яғни, балаға алиментті ата-анасынан, мүмкін болмаған жағдайда ата-әжесінен өндіріп алады десе, тиімдірек болады. Нәтижесінде, борышкерді іздеу барысындағы әуре-сарсан азаяды, балаға алимент төлеу жеделдетіледі және баланың өз жұртын танып өсуіне мүмкіндігі болады, — дейді маман.

«Бала өз жұртын танып өседі» демекші, шындығында біздің елімізде ерлі-зайыптылар ажырасқаннан кейін бала көбіне анасында қалады. Кейбір аналар баласын әкесінің туыстарына, тіпті әкесіне көрсетпей өсіргенді жөн санайды. Салдарынан өз жұртын танып өспеген баланың есейгенде өз жұртының, өз ағайын-туысының қызына үйлену қаупі бар. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ салты үшін, өз руының қызымен білмей-танымай шаңырақ көтерудің қаншалықты қасірет екені түсінікті. Сондықтан қандай жағдай болмасын баланың өз туған жұртын танып өскені абзал.

Тілектүл ЕСДӘУЛЕТ

Елімізде сел жүру қаупі жоғары өңірлердің қатарына Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары кіреді. Бұл аймақтардағы елді мекендердің басым бөлігі сел жүру жолдарында, яки тау беткейлері мен өзен аңғарларында орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, аталған аймақтарда ел халқының үштен бірі, яғни 7 миллионнан астам адам тұрып жатыр.



Нұрлан ҚОСАЙ

СЕЙСМОАХУАЛ КҮРДЕЛІ, СЕЛ ҚАУПІ ШЕ?

БАСТЫ НАЗАР – АЛМАТЫДА

Сейсмоахуал сел қаупін қоюлатып тұрғаны рас. Жыл басталғалы Алматы қаласын екі рет сілкіп алған жер сілкінісі ахуалы күрделі күйінде қалып отыр. Сондықтан да төтеншеліктердің басты назары – осында. Өйткені жоғарыда аталған 7 миллион адамның жартысына жуығы «онтүстік астанадан» тұрады. Ал жер сілкінісі дегеніміз – сел жүру факторларының негізгілерінің бірі. Кішкене дүмпудің өзі таудағы көлдерді арнасынан лықтытып, үлкен күшпен жолындағысын жайпап, төменге қарай төгілуіне жетіп жатыр. Ал Алматы қаласының маңындағы биік таулы аймақта жалпы ауданы 54,7 шаршы шақырым болатын 146 мұздық, 51 мұздақ көлдер орналасқан. Сондықтан да қаланы жарып өтетін 4 өзен де сел қауіпті санатқа жатады. Олар – Ақсай, Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы өзендері.

«Биік таулы аудандардағы мұздақ көлдердің жай-күйін анықтау және сел қауіпті кезеңдегі гидрометеорологиялық ахуалды бағалау үшін «Қазселденкорғау» ММ Алматы қалалық басқармасының қызмет көрсету аумағында 20 гидрологиялық бекеттен тұратын бақылау және құлақтандыру қызметі ұйымдастырылған. Олардың 10-ы – жыл бойғы, 10-ы – маусымдық нысандар. Одан бөлек, Алматы қаласы бойынша сел қауіпті аймақтарда, соның ішінде мұздақ көлдерде 31 автоматтандырылған бақылау жүйесі орнатылған. Көл арнасы жарылған жағдайда АҚПТБ-ның диспетчерлік орталығына, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментіне және «Қазселденкорғау» ММ Бас диспетчерлік орталығына дабыл түседі. Апат салдарын жоюға жедел ден қою және әрекет ету алгоритмі бекітіліп қойылған. Десе де, ең бірінші кезекте алдын алу шаралары қарастырылған. Соның бірі – жыл сайын мұздақ көлдерді бақылау және босату жұмыстарын жүргізу. Мәселен, былтыр жоғарыда аталған өзендердің басындарына құятын 6 мұздақ көл босатылып, 4 166 106 текше метр су ағызылды», – деп хабарлайды Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі.

Бүгінде Алматы қаласының тау баурайында 145 сел қауіпті өте жоғары учаскелер бар екен. Онда 7 мыңға жуық адам тұрып жатыр. Сол себептен алматылықтар әсіресе тау баурайында және оған жақын орналасқан аумақта тұратын қала тұрғындары өте сақ болғаны жөн. Өйткені бүгінде таудағы қар қалың, әсіресе Үлкен Алматы өзенінің аңғарындағы қардың қалыңдығы жарты метрден асады. Ал ауа температурасы тау басында –7, қалада +7 аралығында. Егер де күн күрт жылынар болса немесе көп мөлшерде нөсер жаңбыр құяр болса, сел көшкініне сұранып тұр деген сөз. Оған күрделі күйінде қалып тұрған сейсмоахуалды қосынды.

«Жыл басынан бері Алматы қаласында сейсмикалық ахуал күрделі боп қалып отыр. Оған түрлі себеп бар. Соның бірі – Кемин ошағы оянған болуы мүмкін. Егер расқа айналал болса, мені қатты алаңдататыны – осы. Өйткені осыдан бір ғасыр бұрын соның әсерінен Алматыда үлкен зілзала болып, қала қирап қалған болатын. Десе де, жеке бағалауым бойынша, алдағы екі апта тыныш болады. Бұл болжам емес, менің болжам жасауға хақым жоқ. Тек өмірлік тәжірибеме сүйеніп жасап отырған топшылау ғана. Ал одан арғысын уақыты келгенде болмаса, дәл қазір айта алмаймын. Ол үшін кешенді зерттеулер мен тұрақты мониторинг керек. Бірақ ондай материалдық-техникалық мүмкіндік мен тұрмақ, сейсмикалық орталықтың өзінде де жоқ. Оны күні кеше депутат Бакытжан Базарбек шынғырта отырып жеткізді. Ал сел көшкініне келер болсам, бұл құбылысты «Қазселденкорғау» мекемесінде қызмет еткен жылдары мен терең зерттеген болатымын. Алматы қаласын жан-жағынан аттын тағасы сияқты етіп үлкен тау қоршаған, қала үлкен қазаншұңқырда тұр. Сол себепті оның қай бетінде де сел қауіпті зор», – дейді белгілі сейсмолог Мұхтар Хайдаров.

Ғалымның айтуынша, сел көшкіні пайда болу тетігі жағынан үш типке бөлінеді екен. Олар – эрозиялық, жарлы және опырылу-сырғу. Алғашқысында тау суы ағып жатқан аумағының топырақ қабатын босатып, соның сырғуынан сел көшкіні туындайтын болса, жарылу дегеніміз – толып тұрған су арнасының бұзылуынан туындайтын сел көшкіні. Ал опырылу-сырғу – тау жыныстарының етегін су жеп, құлауынан туындайтын құбылыс. Әр оқиғаның өзіне тән себебі болады. Бірақ соңғы уақытта техногендік факторлар көбейіп отыр.

ӨЗГЕ ӨНІРЛЕР ДЕ НАЗАРДАН ТЫС ЕМЕС

Еліміздің жер көлемі 2 724 902 шаршы шақырым десек, соның шамамен 13,3%-ға жуығы, яки 360 000 шаршы шақырымы сел түзілетін сипатқа ие таулы аумаққа жатады. Мамандардың айтуынша, соңғы 5-6 жылда елімізде сел мен қар көшкіні жүретін телімдер саны арта түскен. Мысалы, сел қауіпті бар жерлер 584-тен 609-ға, топырақ көшкіні учаскелері 168-ден 394-ке, қар көшкіні қауіпті бар аймақтар 542-ден 610-ға дейін көбейген. Сел мен тасқын тудыратын таудағы мұздақ және мұздық көлдер саны да 694-тен 970-ке жеткен. Мамандар оның себебі соңғы жылдары қардың тез еруімен және мол жауын-шашын түсуімен байланысты екенін айтады. Бұл топырақтың шамадан артық ылғалдануына өкөп отыр. 2 метрге дейін су сіңген жер қабатының тез лықсу жағдайлары жиілеген. Мәселен, 2023 жылы Алматы қаласында және Алматы, Түркістан облыстарында – 7 сырғыма, Алматы қаласы мен Алматы облысында 11 сел көшкіні және Алматы облысында 1 жылжыма оқиғасы тіркеліпті. Абырой болғанда, қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ.

«ТЖМ бүкіл республика бойынша жағдайды жіті бақылауда ұстап отыр. Дайындық жұмыстары жыл сайын өткізіліп тұрады. Мәселен, былтыр ауа райы қолайлы уақытта төтеншеліктер «Қазавиақұтқару» АҚ-ның тікұшақтарын пайдалана отырып, қауіпті учаскелерді тұрақты бақылауда ұстау үшін биік таулы мұздақ көлдерге жылжымалы тұрғын вагондар, өнімділігі жоғары сорғылар, полиэтилен құбырлар, жа-

қою мақсатында «Қазселденкорғау» ММ-ның авариялық-механикаландырылған бригадасы жедел әрекет етеді. Ал былтыр сел және сырғыма қауіпті бар учаскелерге 2 166 жерүсті және 46 аэровизуалды зерттеу жүргізілді. Эвакуациялық арналар арқылы және сифондардың көмегімен суды сорып шығару жұмыстары жүргізіліп, мұздақ көлдердің жиектерінен 8,6 млн текше метрден астам су төгілді. Одан бөлек, көлдердің өткелдерінде 49 бұрғылау-жару жұмысы жүзеге асырылды. Жарылғыш заттардың жалпы салмағы 4,9 тонна болса, жалпы көлемі 1 200 текше метр эвакуациялық арналарды кеңейту және тереңдету бойынша аумақ қамтылды», – деп хабарлайды ТЖМ баспасөз қызметі.

Сел көшкінінің ең бірінші себебі – нөсер жаңбыр. Өйткені таудағы оқшау көлдер мен сарқырама өзендер арнасынан тасып, сындарлы межелен асар болса, оның соңы алапат апатқа алып келеді. Мәселен, 2023 жылдың 27 шілдесінде Кіші Алматы өзені алабында қатты және ұзаққа созылған жаңбыр салдарынан еңіске қарай қарқынды ағыс пайда болып, оның соңы сел көшкініне ұласқан. Салдарында «Шымбұлақ» базасына баратын жолдың 5 учаскесін жартылай су шайып қиратқан. Сол кезде шамамен 45 мың текше метр лай массасы үйілген екен. Мамандар сел қауіпті кезеңдерде азаматтарды өте абай болуға шақырады.

«Тауға баруды және сол жақта жүруді жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеріп, дауылды ескертулерді қадағалау қажет. Сел ағынының ұзындығы 40-50 метрге, қозғалу жылдамдығы секундына 5-10 метрге, жекелеген жағдайларда 15-20 метр/секундқа дейін жетуі мүмкін. Бұл өте қауіпті. Қатты жауын-шашын кезінде сел қауіпін алғашқы белгілері қандай болатынын есте ұстаған жөн. Біріншіден, өзендегі судың көлемі мен лайлылығы күрт артады. Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңынан мен су тамшыларынан бұлт түзіледі және гүріл пайда болады. Селге жақын жердегі топырақ беткейі қозғалады. Сондықтан да ондай жерлерден қашық кету керек. Онда да еңіске қарай төменге түсуге болмайды. Керісінше, жоғары жакқа және ашық жазық алаңқай іздеп қозғалуы керек. Өзен арнасына жақын



рылғыш заттар, жабдықтар, азық-түлік және жұмыс бригадаларын жеткізіп алды. «Қазселденкорғау» ММ аталған әкімшілік аумақтардағы жергілікті атқарушы органдарға қауіпті учаскелерде тиісті іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар беріп жатыр. Биыл жыл басынан бері таулы және тау бөктеріндегі аумақтарға жыл бойғы және маусымдық бекеттер арқылы 127 гидрометеорологиялық мониторинг жүргізілді. Қауіпті табиғи құбылыстар туралы мәліметтерді өңдеу мен талдауды 29 диспетчерлік пункт тәулік бойы жүргізеді, деректер бас диспетчерлік пунктке жіберіледі. Сел және сырғыма құбылыстары кезінде уақытылы ден

жерге, құрғап қалған жыраларға және көл бөгеті маңына демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды. Бірінші сел легі өткеннен кейін де, қауіпті аймаққа баруға тыйым салынады, өйткені онда көшкін немесе опырылу құбылыстары қайталануы мүмкін», – дейді Жетісу облысы ТЖД басқарма бастығы Ринат Тазабеков.

Мамандардың айтуынша, жалпы былтырғы сел қауіпті кезең өте қиын өткенін атай кету керек. Тек тау көлдерінің суын мезгіл-мезгіл ағызып отырғанның арқасында, жағдайды тұрақтандыру мүмкін болыпты. Сол себепті биыл да босансуға болмайды. Өйткені сейсмикалық фактор жоғары боп қалып отыр.

8 наурыз қарсаңында редакцияда мерекелік нөмірді ақылдасып отыр едік, бір қолына таяқ ұстаған, екінші қолында көтерген сөмкесі бар ұзын бойлы қария кірді. «Ай, балалар, «Айқын» газеті осы ма?» – деді даусын көтеріп. Амандасып, орындық ұсындық.

ӘДІЛДІК ІЗДЕГЕН АҚСАҚАЛ


Карттың құлағы ауыр естиді екен, қаттырақ сөйлесуге тура келді. Жайғасып отырғаннан кейін, еңкейіп сөмкесін ақтара бастады. Үлкен кісіні өңтімеге тартайын деп, құлағына тақап, «Ата жасыңыз нешеде?» деп сұрадым. Басын көтеріп, бетіме бажайлап қарап алып, «құжат бойынша 1941 жыл туған деп жазылған. Шын жасым, биыл сексеннің сегізінде. Кезінде шешем бес жасқа кішірейтіп жаздырыпты, ФЗО-ға алып кетеді деп қорыққан ғой», – деді. Өз басым ФЗО деген сөзді естісем, ақын Кеңшілік Мырзабековтің «ФЗО-ға кеткен жене-шем» атты балаласы ойыма оралады.

— *Соңғы бір күндер сарғайып өңі суалған, Сағыныш сылып, үмітпен ғана жұбанған. Жеңешем менің шешімі батыл жан еді, Ауданға барып ФЗО-ға өзі сұранған*, – дейтін жолдары жатталып қалып еді. Соғыс жылдарында ФЗО (фабрично-заводского обучения) деген оқыту жүйесі болғанын білеміз, еңбекке жарамды азамат түгел майданға аттанғанда еңбек күшін толтыру үшін әйелдер мен балаларды жұмысқа бейімдеу мақсатында ашылған 6 айлық курс.

Аксақал AIQYN-ға арыз арқалап келіпті. «Аты-жөнім – Әміржан Нұрахметов. Солтүстік Қазақстан облысының тумасымын. Кезінде Қызылту деген аудан болған, сол жерде еңбек еттім. Қазір Ақжар ауданы деп аталады. Біраз ауыл Уәлиханов ауданына қосылды», – деп бір бет қағаздың екі жағына да қаламасаппен жазылған арызды алдыма тастады. Ақ паракқа әділдік тұрып қолмен жазып әкелген шағымына «Зан әділетсіз бе, орындаушы әділетсіз бе?» деген тақырып қойыпты. Бірден көз жүгіртіп оқи басталды. «Мен күйеу балам Кенжебулатов Сәбит Сатыбалдиновичке, қызым Кенжебулатова Алма Амиржановнаға кейін тауып береміз деген соң қарызға 7 000 рубль ақша бергем ол сол кезде 10 000 доллар болатын», – деп басталыпты арыз. Осы тұсқа келгенде көкейте келген сұрағымды қоймақ едім, қалдым түгел оқып шығыңыз, сұрағыңызды сосын қоясыз ғой», – деді қария. Ары қарай оқи бердім. «2004 жылы күзде Степногорск қаласынан 3 комнаталы квартира сатып алдым. 1 мкр, 55 үй, 34 квартира 3 қабат. Суық түсіп кетіп, ол жылы көшіп келе алмай бір қызға квартираға беріп кеттім», – деп жалғасыпты шағым. «Біз ол қаладан 250 км қашықта Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданында тұратынбыз. Біздің квартира алғанымызды естиді де, күйеу бала Сәбит мектепте мұғалім болып істейтін Алманы азғырып, жұмыстан шығарып қыс ішінде бала-шағасымен Степногорск қаласына көшіп келіп, біздің квартираға кіріп алады, «бұл менің атамның квартирасы» деп, қызды шығарып жібереді. Біз оны артынан естіп таң қалдық. Қыс ішінде Алма жұмысын тастап қалай көшіп келді, оны не қыстады екен деген ойға қалдық. Сөйтсек, бұл күйеудің саясаты екен. Біз бұрын барып кіріп алайық, сосын бізді шығара алмайды деп үгіттеген Алманы. Жаз шыққасын біз көшіп келдік, квартира тарлық қылды. Үйді босатындар десек шықпайды, квартира алатын ақшалары жоқ, өздері – бес жан. Екі машина мебеліміздің өзі бір комнатаға сыймады. Амаалсыздан ұялған соң кемпір екеуіміз басқа квартира алып, бөлек шықтық. Бірде Сәбит пен Алма келіп, «біз квартираға пропискаға тұрып, атымызға аударып алайық, сіздер өлеңіздер оформит ету машакаты көп болады», – деп үгіттеді. Қызың мен күйеу балаң айттып тұрған соң қалай келіспейсің, «жарайды» дедік. Ол кезде олардың арам ойын түсінбепіз. Кейін ол квартираны бізге подарит етті деп өтірік соқты ғой», – деп жазылыпты арызда.

Аксақалдың айтуынша, күйеу баласы мен қызының алдауы бір бұл емес. Бірде автокөлігін сатпақшы болып, Көкшетауда жұмыс істеп жүрген баласы Қанатты шақырады. Алайда баласының базарға апарып сатуға уақыты болмай, өткізе алмайды. «Олай болса, Сәбит жездене бер машинаны, баласы Ілияс екеуі сатып берсін дедім», – дейді Әміржан ата. Сонымен, күйеу баласы аталған көлікті (ак түсті Chevrolet Niva, машинаның жүрісі 60 000 км) 2023 жылдың наурыз айында 3,5 млн теңгеге сатады. «Мен ол кезде инсульт алғам, жүре алмай Қарағандыда жатқанмын. Мамыр айында таксимен келіп ақшамды сұрасам, «ақшаны жұмсап қойғам, ол ақша саған неменеге керек, не істейсің?» – деп өзіме ежірейді. Сонда барып оның арамдығын түсіндім», – дейді қария.

Әміржан атадан баласы Қанаттың нөмірін сұрап алып, бірден қонырау



шалдым. Журналист екенімді білген соң ұлы «бұл отбасылық мәселе» екенін ескертті. Десе де, пәтер мен көліктің ақшасы қайтарылмағанын жоққа да шығармады. «Біреуі – әкем, біреуі – туған жездем. Араларында нақты құжат жүзінде шарт жасалмаған. Болар іс болды, енді ол туысқандық жолмен шешілуі керек», – деп қысқа қайырды Канат.

Телефон тұтқасын қойып, Әміржан атаға «баланың осылай деп отыр», – дедім даусымды қаттырақ шығарып. Қария сәл үнсіз отырып, басын шайқады. «Қайтарса, осы күнге дейін қайтаратын еді ғой. Степногорскідегі 3 бөлмелі пәтерді 7 млн теңгеге сатып, Астанаға келіп, Нұрлыдан үй салып алды. Оның алдында айтқан Советский совхозында алған 10 000 долларды берген жоқ. Машинаның 3,5 млн теңгесін де қайтармады. Әбден қартайғанда көрген әділетсіздік үшін алдына келіп отырмын, қарағым», – деді қамығып.

Әміржан Нұрахметов осы айтылғандарды жазып, арызын Астана қаласы Есіл ауданының полициясына барған екен. Олар «сотқа арыз жазыңыз» деп кеңес беріпті. «Солардың айтуымен арызымды тапсырып кеттім. Судья Л.Ақмағбетова деген кісі жауапкердің өтірік жауабын қолдап, бізді беттестіріп, қалай болғанын сұрамай-ақ, «сіз сыйға беріпсіз» деп сырттан шешім шығарыпты. Осындай жауапсыздыққа ішім күйіп, өзегім өргенеді», – дейді аксақал. Осы шешімнен кейін апелляциялық сотқа жүгінген екен, алайда одан да қайыр болмапты. «Апелляциялық сотта адвокат болған адамның нөмірі бар ма?» – дедім қартқа. «Бар, қазір», – деп сөмкесінен қалта телефонымен үлкейткіш әйнекті (лупа) алып шығып, ұзақ қарап отырып, Жадыра адвокат деп сакталған нөмірді ұсынды.

Адвокат Жадыра Жалғасбекқызының түсіндіруінше, Степногорскідегі пәтерді қайтарып алудың мүмкіндігі қиындау. Өйткені қағаз жүзінде ешқандай шарт жасалмаған. Екіншіден, қарияның сөзін қуаттап, куәлік беруге өзге балалары да ынталы емес. «Былтыр сатылған көліктің ақшасын қайтаруға болады. Үлкен кісіге жаным ашып, тегін-ақ қызмет көрсетейін деп баласы Қанатқа мен де хабарластым. Ақшаны алғаны рас деп қолхат беріңіз, бір жағына шығыңыз», – дедім. Өкінішке қарай, балаларынан қолдау болмады. Құжат жүзінде ешбір айғақ жоқ», – деді адвокат.

Бүгінде Әміржан Нұрахметов Астанадағы Ақкорған көшесіндегі қарттар үйінде тұрып жатыр екен. «Ұлыңыз Қанаттың қолында неге тұрмадыңыз? Тағы екі қызыңыз бар екен», – деп сұрадым қариядан. «Ұлымын түруға келін көнбеді, сосын қарттар үйіне кеттім, кемпірім қызымның үйінде», – деді ол кісі.

«Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының өкілі Сәуле Қазбекқызының нөміріне хабарласып едік, «Әміржан Нұрахметов біздің қарттар үйіне қантар айында өзі келіп орналасты. Бір қызы келіп, хабарын біліп тұрады», – деген жауап алдық.

Қарияны қолтығынан демеп, таксиге отырғызып жатқанда, «Ұзақ жасау дегеннің аса қажеті жоқ екен. Қартайғанда қызығын көрем деген өз балаларын мынадай қылса, өзгеден не қайыр?!» – деп қалды.

Әділдік іздеген аксақалдың арызы жерде қалмасын деген оймен газет бетіне жариялағанды жөн көрдік.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

СЫРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРГЕН ЖЫЛ



2024 жыл Сыр өңірінде Руханият жылы болып жарияланды. Бұл жайында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихат сессиясында мәлімдеген еді.

Аймақ басшысының бастамасымен наурыз айынан бастап қолға алынған игілікті жоба аясында мәдениет және спорт саласында жүзеге асатын жағымды жаналықтар аз емес.

Жалпы, тарихы тереңнен тамырласқан Сыр өңірінің төл өнері, мәдениеті мен әдебиеті баға жетпес асыл қазынасы саналады. Өңір — жыр жауһарлары төгілген, киелі өнердің алтын қомбесіне айналған құтты мекен. Қай кезде де түркіхалқына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт бабамыздың ізі қалған Сыр елінің тауы мен тасы шежіреге толы. Биылғы жылдың өңірде «Руханият жылы» аталуы бекер емесі осыдан айқын аңғарылады.

«Соңғы екі жылда аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылды. Қызылорда қаласында жерлесіміз Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1 млрд 700 млн теңге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Сондай-ақ 1 млрд 500 млн теңгеге салынған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Сыр өңірінің мәдени брендіне айналатын «Шірік-Рабат Сак жауынгері» мен «Сығанақханшайымның» алтындатқан мүсіндері облыстық музейге тапсырылды. Алдағы уақытта тарихшылардың ғылыми негіздеме-леріне және археологиялық қазба нәти-желеріне сүйеніп, алтын киімді «Түтіс-кен көсемі», «Жетісар аксүйек әйелі» реконструкциялары жасалып, осы күнге дейін беймәлім болып келген, шетелдерде сақталған жәдігерлер көшірмелері ел назарына ұсынылатын болады. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы — Наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз. Жыл аясында тек мәдени-көпшілік ша-ралар ғана емес, ауқымды жобалар жү-зеге асырылады», — деген болатын облыстық мәслихат сессиясында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы.

Өткен жыл өрнегіне көз жүгіртсек, былтыр аймақта он жыл бұрынғы үрдіс

қайта жаңғырды. Нақты айтқанда, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан бірқатар өнер және әдебиет өкіліне «Тұран» арнайы сыйлығы табысталды. Сонымен қатар тұңғыш рет 50-ден аса кәсіби музыканттан жасақталған сим-фония оркестрі құрылып, мүгедектігі бар өнерпаздардың шығармашылығын



шындауға арналған инклюзивті театр үйірмесі жұмысын бастады. Сондай-ақ қалалық жастар театры өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылды. Тізбектей берсек, ұлттық рухты асқақтатар толымды тірліктің куәсі боласыз.

Сыр өңірінде Руханият жылы шы-мылдығын түрген тұста жұртшылық жыл бойына тағатсыздана күткен мың орындық өнер орталығының ашылуы ұлы істердің бастамасы болды. Салтанатты шараға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева арнайы келіп, «ТҮРКСОЙ» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев облыс әкіміне «Үздік мәдени өңір» номинациясын табыстау көпшіліктің көңіліне қуаныш сыйлады.

Негізінен, мың келушіге арналған аталмыш орталықтың іргетасы 2022 жылдың қыркүйек айында қаланған болатын. Нысанның жалпы құны 3,7 млрд теңгені құрайды. Еңселі ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдар-ламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі деп жоспарланған.

«Аймақта атаулы жылда атқарылар жұмыс аз емес. Бұл тұрғыда мың келу-шіге арналған өнер орталығының ашы-луы жоспарлы жұмыстардың бастауы.

Бұдан өзге, жыраулар үйі, барлық ауданда неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасатын «Руханият» орталықтары салынбақ. Оған облыстық бюджеттен 11,5 млрд теңге жоспарлан-ған. Сонымен қатар балалар мен жас-өспірімдердің шығармашылығын шың-дау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» са-лынатын болады. Сырдария өзенінің сол жағалауынан Сыр өңірінің құнды жәдігерлері мен экспозицияларын кенінен дәріптеу мақсатында жаңа өлкетану музейі бой көтермекші. Оның құны 1,6 млрд теңгені құрайды. Соны-мен қатар атаулы жылда мәдениет мәр-тебесін асқақтататын көптеген айшық-ты шара өткізу жоспарда бар», — деді бұл жайында Қызылорда облыстық Мәде-ниет, архивтер және құжаттама баскар-масының басшысы Мира Қазбекова.

Атаулы жылға аймақ халқының айтулы үлес қосып жатқаны да аңғары-лады. Рухани құндылығымызды дәріп-теуге негіз болатын түрлі шара ұйымда-стырылып қана қоймай, мекемелерде ұлттық нақышта киіну үрдіске айнала бастады.

Бұл бастама білім саласын да айна-лып өтпеді. Әсіресе, оқушылар арасында



ГASTРОЭНТЕРОЛОГТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСІ ӨТТІ

«Астана медицина университеті» мен «Гепатологиялық және гастроэнтерологиялық бейіндегі мамандар қоғамы» ҚБ-нің бастамасымен елордада «Гастроэнтерология-2024» V халықаралық конгресі өтті.

Тілектүл ЕСДӘУЕЛЕТ

Денсаулық министрлігінің қолдауымен гибриді форматта ұйымдастырылған жиынға алыс-жақын шетелдерден келген 200-дей халықаралық гастро-энтерология және гепатология саласындағы сарапшылар, дәріскерлер қатысты.

Алқалы басқосуды ашқан Астана медицина университетінің проректоры Меруерт Ғазалиеваның айтуынша, асқазан-ішек аурулары бүгінде меди-цинадағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені өмір сүру қар-қынының жылдам өзгеруіне байла-нысты тамақтану мәдениеті де күрделі өзгеріске ұшырады. Бұл өз кезегінде адамның денсаулығына айтарлықтай кері әсерін тигізіп келеді.

«Қазір гастроэнтерология тар шең-берлі бағыттан саламатты өмір салты, нутрициология, психология, дәрісіз емдеу жолдары және жоғары техно-логиялар саласындағы кең спектрді қамтитын пәнаралық ғылымға айналды. Әлемдегі барлық гастроэнтеролог дәрігерлер емделушілердің ас қорыту жүйесін қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен бірге тұтастай өмір сүру мәде-ниетін дұрыс бағытқа қарай бұруына септесіп келеді. Осы арқылы адамдар алансыз ғұмыр кешуге бейімделуде», — деді Меруерт Арыстанқызы.

Сонымен қатар ұйымдастырушылар АстМУ-дің отандық денсаулық сақтау саласының алдында тұрған ауқымды міндеттерді тың технологиялар арқылы шешуге дайын екенін айтты. Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен университетте қашықтан медициналық қызметтерді дамыту мен Big Data талдау орталығы құрылған.

Бұдан бөлек, М.Ғазалиева гастро-энтеролог мамандығын менгеріп, жұмыс істеуге ниет білдірген студенттердің қатары жыл сайын артып келе жатқа-нына тоқталды.

«Айталық, 2022 жылы бізге гастро-энтерология мамандығын менгеруге 22 резидент түсті. Жалпы тағы да 35 адам осы бағытты таңдады. Қазір тұтастай 57 резидентті оқуларын жалғастырып, олар ғылыми-зерттеу процесіне жұмыл-дырылып отыр. Медицина саласындағы маңызды оқуға болып табылатын жыл

сайынғы конгресті өткізгені үшін про-фессор Венера Рахметоваға ерекше ал-ғыс айтамын. «Астана Медицина Уни-верситеті» КЕАК еліміздің жетекші жоғары оқу орны және В. Рахметованың жетекшілігімен резидент гастроэнтеро-логтарды даярлауды жүргізеді. Сондық-тан бұл конгресс диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін тәжірибеге енгізуге және тәжірибешілер, гастро-энтерологтар, гепатологтар ментерапев-тер арасында білім алмасуға ықпал етеді», — деді АстМУ-дің проректоры.

Екі күнге жалғасқан халықаралық басқосуда АҚШ, Қытай, Үндістан, Еуропа елдері, Ресей, Украина, Армения, Беларусь және Қазақстанның үздік мамандары гастроэнтерология және гепатология саласындағы жетістіктер мен өзекті мәселелерді қарастырды. Бұған қоса, ғалымдар өңешті, асқазанды, аш ішекті және ішекті диагностикалау мен емдеудің тың тәсілдерін енгізу бойынша пікір алмасты.

Калифорния университетінің про-фессоры, В гепатитімен күресу қорының медициналық директоры Роберт Гиш бауырдың холестерикалық, аутоим-мунды аурулары, соның ішінде бастапқы биыларлы колит туралы ғылымдағы жанылықтарын бөлісті. Сондай-ақ ол В гепатитін функционалды емдеуге арналған жаңа дәрілік препараттар тура-лы айтты. Қытайдан келген Бейжін Гуанцюмень Біріккен клиникасы, меди-цина ғылымдарының докторы Цзин Зои Сенин «Біз созылмалы В гепатитін емдеу үшін пегилирленген интерферон-ды қалай қолданамыз?» атты баяндамасы ғалымдардың зор ықыласына ие болды. «С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАК гастроэнтерология кафедрасы-ның менгерушісі А. Нерсесов, соңғы он жылдықтарда бауырдың табықтануы-ның әртүрлі этиологиялық факторының ашылуына қарамастан, бүгінде алкоголь олардың арасында жетекші болып қала беретіні туралы түсіндірді.

Конференция аясында гастроэнте-рология және гепатология саласындағы түрлі ауруға арналған 40-тан астам баян-да тыңдалды. Жиын соңында Венера Сәметқызы конгресс жұмысын қоры-тындылай келе, қатысушыларға алғы-сын білдіріп, барлық делегатқа арнайы сертификат табыстады.

Балалардың денсаулығы мектептегі тамақтан басталатыны бірінші рет айтылып отырған жоқ. Келешегін ойлайтын елдердің қайсысы болса да бұл жайтқа жүрдім-бардым қарамайды. Әдетте мектеп асханаларынан әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары ғана тамақтанады. Бірақ қазіргі заманда әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды айтпағанда, баласының жағдайын жасап отырған ата-ананың өзі де күні бойы жұмыста. Болмаса таңертең толық оянбаған, төбеті ашылмаған баласын сабаққа кешігеді деп безектеп, тиісінше тамақтандырып үлгере алмайды. Көп әке-шешенің баласының мектепте не ішіп, не жеп жүргенін бақылап отыруға қажыры мен уақыты жетпейді. Біз «Мектеп асханаларында балаларға қандай тамақ беріліп жүр?» деген сұрақты БҚО Білім басқармасы басшысының орынбасары Бейсенбек Насимұллинге де қойдық.

Бүгінгі экологиялық жағдай аса жақ-сы емес кезеңде баланың тамақтануына өте қатты көңіл бөлінгені дұрыс. Бұл туралы мамандар да айтып жүр. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақ тағамтану академиясының вице-президенті Юрий Синяевский былай деген екен:

«Балалар ауруы түрлерінің көбеюі дәрумендік микроэлементтердің жетіс-пеушілігінен туындайды. Өсіп келе жат-қан бала жетілу кезеңінде көп энергия жұмсайтындықтан, дәрумен тез сарқы-лады. Яғни, көкөністер, жемістер, сүт және лактоза жеткіліксіздігі бар бала-ларға айран-сүттен әзірленген коректік заттарды қажетті мөлшерде тұтынуы маңызды».

МЕКТЕП АСХАНАСЫНДА НЕГЕ РӘСУА КӨП?

Жалпы, БҚО бойынша 365 мектеп бар. Қазіргі мектеп асханаларында мұн-дай азық-түлік стандарттары сақ-тала ма? Бұлардың ішінде 1-4-сынып оқушы-лары толықтай ыстық тамақ ішеді. Одан бөлек, әлеуметтік осал топтан шыққан отбасының балалары ыстық тамақ ішеді. Бұлардың қатарына атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балалары, жетім балалар және кедейшілік шегінде өмір сүретін отбасының балалары кіреді, — деп атап өтті БҚО Білім басқармасы басшысының орынбасары Бейсенбек Насимұллин.

Еліміздің «Бала құқықтары туралы» заңында әрбір баланың денсаулығын сақтауға айрықша құқығы бар екені және оны ұйымдастыру тәртібі туралы толық түсіндіріледі. Қолайлы орта мен дұрыс тамақтану сол мектептерден басталары сөзсіз. Өкінішке қарай, соңғы жылдары балалардың мектептегі тамақтануына сын көп айтылып жүр. Әсіресе, ас мәзірінде балалар жемейтін тамақ түрі көп дегенді алға тартады.

Бізбен сұхбаттасқан Мейрамгүл Бо-ранбай да осы пікірде. Мейрамгүл Бо-ранбай өзі де мұғалім. Ұзақ жылдар Теректі ауданы Подстепное жалпы білім беретін мектебінде ұстаздық еткен. Оның айтуы-нша, мектеп асханаларындағы тамақтану ісі жүйелі ұйымдастырылмайды.

— Менің мектептегі балалардың та-мақтануына көңілім толмайды. Жасыра-тыны жоқ, мектеп асханасында көбіне балалар жемейтін тамақтар беріледі.



Талай өз көзімізбен көрдік. Балалар тарелкамен алып, кері қайтарады. Оны табак-табак күйінде қокыса төгеді. Қарап тұрып, ішін ұдай ашиды. Обал. Мен өз көзіммен көрген жайды айтайын. Өзім мектепте директордың міндетін атқарушы болып қалдым. Сонда ас-хананы тексеруге барғанда балаларға қу сұянықты сорпа істеп беріп жатқанын талай көрдім. Сылдыр су. Содан аренда-тор екеуміздің арамьзда біраз мәселе туындады. Мен қарсылық таныттым, — дейді мұғалім Мейрамгүл Бо-ранбай.

Жалпы, қазір мектептегі ыстық та-мақ үш түрлі жолмен ұйымдастырылады. Бірінші жол — мемлекеттік жекеменшік әріптестік. Мұндай кезде белгілі бір кә-

сіпкер мектеп асханасын түгел алып, жөндеуін жасап, тамақты да өзі сатып әкеліп, бар жауапкершілікті өзі мойнына алады. Екінші жол мектеп асханаларын жалға алатындар арқылы жүзеге асады. Үшінші жол ыстық тамақты мектеп өзі ұйымдастырады.

«Бүгінде ең қиындық туғызып тұр-ғаны — жалға алушылар» дейді Мейрам-гүл Бо-ранбай. Себебі олар көп жағдайда мектеп басшылығына бағынбайды.

— Мектеп асханаларының көбінде жалға алушылар қызмет көрсетеді. Олар баланың денсаулығын ойлайды деп ой-ламаймын. Бірде мәзірден баланың ден-саулығына ең қажетті сүзбені, айранды алып тастапты. Себебін сұрасам, «өте

қымбатқа шығады, ақшаға келгенін ала-мыз» деген жауап алдым. Негізінде, жыл-дың басында келісімге қалай келді, жылдың аяғына дейін сол мәзір сақталуы керек. Көшеде азық-түліктің қымбат-тағанына баланың қандай кінәсі бар? Бала мектеп асханасынан қажетті вита-минге бай тамақты ішуі керек. Баланың ыстық тағамына бөлініп отырған ақша тиімді жұмсалып отыр деп есептемеймін. Бөлінген қаржы көлеміне сай қажетті тамақтар алына бермейді. Жалға алушы-лар өздері үстінен пайда табу мақсатында арзанқол тамақтарды әкеліп береді. Сосын мектептердегі тамақтану оқу жылы бітпей жатып тоқтап қалады. Оны сұрасан, қаржы игерілді, болды деп жауап береді. Неге екенін айтайын ба? Бізде заң шікі. Басшылардың құзыреті бір-біріне жүрмейді. Мысалы, мектеп директоры «мына асхананы жалға алған адамның жұмысы маған ұнамайды, са-палы емес» деп лактырып тастай алмай-ды. Ол тек білім басқармасына ғана ба-ғынады. Ал ол жердегілер күнде келіп баланың не жеп отырғанын көрмейді, — дейді М. Бо-ранбай.

Жалпы, мектеп асханаларындағы ас мәзірін қалалық білім бөлімі мен мектеп директорлары бекітеді екен.

Бала ағзасы енді қалыптасып, дами-тын кезеңде құнарлы тамақтануды қажет етеді. Сондықтан баланың тамақтануына ата-анамен бірге мектеп те, мемлекет те жеткілікті көңіл бөлуі керек. Десек те, біздің елде өзiрге бұл сала дұрыс жолға қойылмай отырғаны жасырын емес. Әзірге мектеп асханалары жалға алушы-лар үшін табыс көзі болып отырғандай әсер қалдырады...

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

